

# П И О Н Е Р





## СОЛДАШ

Майданда сонау жыл  
Бізбенен бір жүрді.  
Ержүрек солдат бір  
Мінезі күлдіргі.

Сөйлеп шын кеткенде  
Сөзді тым тапқыш-ақ.  
Достарға қайткенде  
Жазатын хат құшақ.

Ойнайтын өркіндеп  
Гармонға қолы епті.  
Полктың көркі боп,  
Ол талай жол өтті.

. . . От орап далғны  
Басталды қатты ұрыс.

Жауынгер жаралы  
Болыпты қапылыс . . . .

Қазір ол қай маңда  
Білмейміз, хат үздік.  
Болады майданда  
Кейде ондай сәтсіздік.

II

Аспан жер қабысып,  
Шарлады көк түтін.  
Оқпенен жарысып,  
Зымырап өтті күн.

Керінді елімнің  
Биіктеп иығы  
Зулады Берлинге  
Соғыстың құйыны.

Хат алдық бір күні  
Дәл оның өзінен  
Жазыпты күлкілі,  
Қуаңқы сөзімен:

“Болса кім шын солдат  
Соғыста елер ме?  
Барамын сым жалғап  
Волгадан Одерге.,,

Жеңістің осы сым  
Өтетін көпірі.  
Алдағы достықтың  
Арқауы, кепілі».

*Сырбай Мәуленов*



# ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің  
пионерлер мен мектеп оқушыларына  
арналған әдеби-көркем және  
публицистикалық журналы

№ 2

ФЕВРАЛЬ

1954 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.



## ДОСТАР



Машқар Гумеров

Әңгіме

Суреттерін салған А. Воеводин.

Тұтқадан қос қолдап ұстаған Сағынтай есікті бар пәрменімен жұлқып, қатты-қатты тартып, әзер дегенде ашты. Ол кірген бетте ауыз үйде есікке арқасын беріп отырған Ноянды көрді. Ноян досының келгенін аңғармады ма, жоқ әлде ойыны ма, әйтеуір, оған мойын бұрмады.

Сағынтай есікті өзі ашып кіргеніне қуанғандай масаттана күлімсіреп, Ноянның қасына келді. Мұндайда қуанбасқа бола ма! Өйткені, оның есікті өзі ашып кіре алмай, талай рет сыртта тықылдатып тұрғаны бар. Ондайда есікті Ноян не оның шешесі келіп ашатын. Ноянның да Сағынтайдан асқан қай жөнді күші бар дейсің, ол да мықшындап, есікті иығымен қайта-қайта итеріп тұратын-ды. Турасын айтқанда кей-кейде, әсіресе, қыстыгүндері, сырттан Сағынтай тартса, іштен Ноян итеріп, есікті екеулеп зорға ашып алатын.

— Ноян, қайықты алып жүр, ойнайық, — деді Сағынтай.

— Сен есікті қалай аштың, ә?! — деді орнынан кенет ұшып тұрған Ноян Сағынтайға таңдана қарап. — Есікті аша алмай біраз әуреленсін деп әдейі тас қып жауып тастасам...

— Немене, сонша мені кішкентай бір бала ғой дейсің бе? Кеше мамам айтты: біздің Сағынтай жігіт боп қалды, енді екі-үш жылдан кейін өзін мектепке оқуға береміз деді...

— Мен мектепке келесі жылы-ақ барамын ғой. Сонда да апам түнеу бір күні папаммен әң-

гімелесіп отырғанда «біздің Ноян әлі бала ғой, ол нені түсінеді дейсің» деді. Сенің мамаң ойланбай әншейін айта салған шығар.

— Иә деген! Сенің апаң шығар ойланбай айтатын. Немесе сен шынында да түк түсінбейтін шығарсың... сонсын айтады да...

— Сеніңше түк түсінбейтін кім? Мен бе? Мен!..

— Ие, сен. Сонда не қылмақсың?

— Ендеше біздің үйден тайып тұр! фый-й-шт! — Ноян қолын сермеп қалды. — Ерегіскенде қайықты арыққа салып жалғыз өзім ойнаймын.

— Қетсе несі бар, кетемін!.. Біліп қой, енді-гәрі тиіссең, тура мамама айтам.

Сағынтай бұл сөзді айтарын айтса да, өзі сасып қалды. Екі беті дуылдап, лезде қызарып шыға келді. Ол біреумен салғыласуды, әсіресе, Ноянмен ұрсысуды жақтырмайтын. Өйткені ашуына көп тие берсең, Ноян кіжіндеп, төбелесуден де тайынбайды. Қанша айтқанмен ол үлкен ғой.

— Біздің үйге сен де бір келерсің! Сонда... Сонда мен де...

Досына кешпестей өкпелеген Сағынтай кілт бұрылды да, үйден шығып жүре берді.

Тап осы кезде төргі бөлмеден Ноянның шешесі шықты. Ол Сағынтайдың соңғы сөзін естіген болуы керек, ұлына мейрімді көздерін қадап барлай қарады да:

— Ноян, әлгінде Сағынтай келген сыяқты еді ғой, ол қайда кеткен? Сенің бағана екеуміз ойнаймыз дегенің қайда! Әлде екеуің тағы да ұрысып қалдыңдар ма? — деді.

— Иә. Тағы да..., — деді Ноян күмілжіп.

— Ноянжан, Сағынтай сенен кішкентай ғой. Өзі әрі қандай жуас, момын бала. Сондай досыңмен қайта-қайта жанжалдасуға ұялсаңшы! — Шешей бұрыштағы қобдйдың ішінен инежіп алды да, төргі бөлмеге беттеді. — Өздерің қызықсындар әйтеуір, күніне сан рет керісіп, сан рет татуласасындар.

— Апа, көрерсің, енді мен онымен татуласпаймын!

— Бұдан былай Сағынтайды ренжітуші болма, түсіндің бе!..

Жалғыз қалған Ноян жуырда папасы туған күніне арнап сыйлыққа тартқан кішкене қайығын алып көшеге шықты. Ол тротуардың жиегін қуалай ағып жатқан арықтың жағасына келді де, бір төмпешіктеу келген жерді таңдап отырды. Әлде қайдан, қаланың орталық тұсынан, әлсін-әлі трамбайдың шылдыры естіледі. Күн көзі аспанға өрмелеп, жаңа-жаңа көтеріліп келеді. Әлсіз ескен қоңыр салқын желге көше ағаштарының сарғайған, қоңыр тартқан жапырақтары дамылсыз түсіп тұр. Тіпті арық жағасына өскен шөптер де сарғая бастапты.

Ноян қайығын жерге тастай салды да, жалғыз өзі ойнағысы келмегендей, жан-жағына жалтақтап отыра берді. Тышқан аулаған мысыққа ұқсап, үн-түнсіз жалғыз ойнағанның несі

қызық! Ойнаған соң, маңайың ырду-дырду, ушу боп жатса ғой. Ол бір сәтке Сағынтай жаққа көз тастап еді. Сағынтай іші пыскандай үйінің қасындағы орындықта жалғыз отыр екен. Ноян көп ойланбай-ақ, кенет қол бұлғап оны шақыра бастады. Сағынтай досының шақырғанын көрмегендей орнынан жайлап тұрды да, жан-жағына қарады. Сонсын ол көп бөгелмей, аяғын ақырын басып Ноянға қарай беттеді. Ноян оған:

— Сағынтай, мұнда кел! — деп айғайлады. — Білесің бе!.. Бүгін біз араздаспай-ақ қояйық. Әйтпесе ойынның қызығы болмайды. Ішіне жүк артып, мына қайықты арыққа ағызып ойнайық.

— Ал, оған не артамыз?

— Сен қайықты суға салып ұстап тұр, ағып кетпесін. Мен оның ішіне суға батып кетпейтіндей етіп шамалап құм салайын. Сонсын қоя береміз.

Су қайықтың ернеуіне бір елідей қалған кезде Ноян:

— Ал, енді қоя бер! — деді команда бергендей-ақ қатты дауыстап.

Қайық су бетінде иіріліп, айналшықтап ақпай тұрған сарғайып түскен ағаш жапырақтарын тұмсығымен сүзе жырып өтті де, ілгері қарай ақырын жылжый бастады. Ол бірде жылдам, бірде ақырын ағып, тоқтаусыз сырғый берді. Ноян мен Сағынтай екі-үш адымдай кейін калып, қайықтың соңынан ілесіп жүрді де отырды. Қайық арықтың көрші бақшасына қарай бұра тартылған жеріне жете беріп еді, бұрылысқа келгенде жағаға оқыс соғылып, төңкеріліп түсті де, жылдам ағып бақшаның ішіне кірді. Бақшаны қоршай ағаш отырғызылған, ал ағаштардың арасы қураған ұсақ шілік, бақшаға бұл жерден өту қайда саған. Екі дос балақты түріп жіберді де, арыққа түсті. Арықтың суы мұздай. Бақшаға алдымен Ноян, сонсын Сағынтай кірді. Ілгері қарай аз жүргеннен кейін, Сағынтай кенет дауыстап жіберді.

— Ноян! Арбузды кара, арбуз!

— Ірілерін жыйнап алыпты. Мыналарды піссін деп тастаған ғой. Біреуін жесек іштеме етпес, ә?! — Ноян үлкендігі кішігірім қошқардың басындай бір тарғыл арбуздың қасына кеп еңкейді. — Сағынтай, мына біреуі піскен шығар? — деді ол арбузды ортан саусағымен қайта-қайта шертіп.

— Арбуз тәтті ғой шіркін!

— Сағынтай осы біреуін жейік, ә?!

Арбузды сабағынан үзіп алған Ноян оны әрлі-берлі аударып көре бастады. Жерде жатқан жағы ақшылдау тартыпты. Сағынтай да арбузға тамсанып қараумен болды.

Осы кезде Жұпар апай үйінен шығып, бақшаны қақ жарып өтетін жалғыз аяқ жолға түс-



ті. Ол әуелде көршісі — Нояндардың үйіне қарай беттеп еді, көріп қойса керек, әлгіндей болмай жолдан бұрылып, арбуз ұстап тұрған балаларға қарай жүрді.

Жұпар жете бергенде, Ноян арбузды жерге бір қойып быт-шытын шығарды да, аузына үсті-үстіне салып, асығыс қылғыта бастады.

— Пісіп қапты... керемет тәтті екен... Сағынтай, ал!..

Рас, тәтті-ақ шығар, сонда да келіп қалған Жұпар апайдан тайсалған Сағынтай арбузға қол салмады. Бар болғаны ол біресе Жұпарға, біресе оның көзінше арбузды асығыс жеп отырған Ноянға қарай берді.

— Өмірі арбуз көрмегендей біреудің бақшасындағы көк арбузды жеуін мынаның!.. Арбуз жегің келсе, үйге кеп тәттісінен сұрап жемейсің бе түге!

— Жұпар апа, арбуз өзіміздің үйде де бар. Бірақ одан гөрі осылай асығып жеген қызықты болады ғой.., — деді Ноян өкпелі үнмен орнынан жай тұрып.

— О, баламысын деген ай! Әне, Сағынтайдай ақылды болсаншы. Қандай жақсы бала өзі. Ал, сен бе, сен! Сенен бәрі шығады. Біреудің бақшасына кіру қандай ұят десенші! Сен баланы ма, қазір апаңа айтып құлағыңды жұлдырайын, бәлем.

— Менің апам құлақ жұлмайды. Ал, біз мұнда арбуз жеуге келгіміз жоқ. Нанбасаныз, Сағынтайдан сұраңыз. Қайығымыз ағып осында кірді. Сонсын біз де... — деді сасуға айналған Ноян.

— Рас, апай. Біз арбуз іздегеніміз жоқ, өзі кездесе кетті. Ноян көрсе шыдай ма, бассалды.

— Ана қарашы, біреуге жала жабуын! Сен ғой «арбуз, арбуз» деп алдымен айғай салған! Сен айтпасаң, арбузды мен көрмеген де болар едім.

— Көр-көрме, бассалып жей бастаған сен ғой. Сенімен жүрсен үнемі осы...

— Жүргің келмесе, үйіне кет. Сен... сен... енді сенімен ойнасам ба, бәлем!..

— Мен де сенімен ойнамаймын, — деді де Сағынтай үйіне қарай жүгірді.

Балаларды тамашалап сылқ-сылқ күлген Жұпар:

— Жанжалды қойып, қайықтарыңды тауып алсандаршы түге, — деді де Нояндардікіне қарай аяңдады.

Ал, жалғыз қалған Ноян өзінің қайығын іздеуге кетті.

Ноян қайығын қолтығына қысып үйге келгенде, шешесі далада, есік алдындағы орындықта, кітап оқып отыр еді.

— Ә, Ноянбысың? Қарғам, папаң саған үйге Сағынтайды ертіп келсін дейді. Киноға баратын болдық.

«Мәссаған! Сағынтайды ертіп әкелу керек, ә?! Жап-жана араздасып ем», — деді Ноян ішінен.

— Апа, олар мамасы жұмыстан келген соң кешке өздері бармай ма. Өзіміз жүре берейік те.

— Бара ғой, Ноян, бар.


— Апа...

— Тілөзарлықты қой, Ноян! Сенің Сағынтайға не себепті барғың келмей тұрғанын мен жақсы білемін. Досыңды ренжіткен екенсің, енді жөпінді айтып, өзін барып табыс! — деді шешесі тұжырымды үнмен.

— Жарайды... барайын, — деді төмен қараған Ноян.

Әлгінде ғана ұрсысып қалып, артынан сол адамға «киноға жүр» деп бару оңай болып па. Рас, папаның өзі жұмсап тұрса, тыңдамауға амалың жоқ. Ноян ерінгендей аяғың жай басып, Сағынтайдікіне кетті.





Алматы қаласындағы Мемлекеттік Опера және Балет театры.

Суретті түсірген П. Редько.

Ғабит Мүсрепов

## БІЗДІҢ АЛМАТЫ

(Алматының жүз жылдығына)

— Алматы...

— Верный!

— Алматы... Верный!.. Алматы!

Алатаудың Теріскей жақ етегіне орнаған кішкене қаланың осы екі аты ұзақ жылдар бойында қосарлана аталып, үнсіз таласып келіп, аяғында бірі заңсыз өктем болғандықтан оңай ұмытылды да, бірі мәңгі жеңіп Советтік Қазақстан астанасының атына айналып қалды.

Верный — Россия империясының сыртқы жаудың алдына тосқан қорғаны болуға әрі тым ішкері, әрі тым әлсіз еді. Отарлық ішкі саясаттың қорғаны болуға да тым бір бүйір, қазақ елінің өзге жақтарымен байланысы аз болатын. Сондықтан ол ілгергі бір кезеңнің екпінімен «қорған» атағын алғаны болмаса, еш нәрсеге қорған бола алған жоқ. Англия капиталы Верный деген «қорған» барын елең де қылмай, Алтайға, Орталық Қазақстанға, Батыс Қазақстанға өтіп кетті: алтын-күміс, қорғасын-мыс, көмір-мұнай қорларын басып алды.

Россиямен қоян-қолтық тіршілік етуді әлдеқашаннан аңсап отырған қазақ халқы үшін

бұл кезде ешбір күзет — қорғанның керегі жоқты. Қазақ халқының ұлы орыс халқына қарай бой ұру толқыны сары балшықтан жасалған дуал — қорғандар түгіл тас қорғандардан аттап өтіп Петроградтың өзіне жеткен. Батыс Қазақстанның өмірлік тіршілігі Астрахань, Саратов, Самара, Орынбург қалаларымен тығыз байланысып кетсе, Солтүстік-Шығыс қазақтары Сибирь қалаларымен қат-қабат байланысты еді.

Тіршілік қарым-қатнасы жалғасып кеткен екі елдің арасында күзет — қорған болуы, әрине заңсыз еді. Сондықтан «қорған» атанған кішкене қала экономикасы нығая бастаған елдің шет қалаларының бірі есебінде, суы мол, жері құнарлы, бай табиғаттың құшағында, ауыл шаруашылығына сүйеніп баяу өсті. Салынуы 1854 жылдан басталған қаланың халқы 65 жылдың ішінде отыз мыңға әрең толды.

1929 жылы Қазақстан орталығы келіп орнағанша Алматы қалың орман, бау-бақша арасына салынған ағаш үйлі қазақ-орыс деревнясы еді. Астана көшіп келгенде өз алдына үй ала алған үш-ақ мекеме болды: өлкелік партия ко-

митеті, Қазақстан Халық Комиссарлары Советі, Қазақстан Орталық Атқару Комитеті... Калинин көшесіндегі Некрасов атындағы он жылдық мектептің үйінде үш кезекпен он екі мекеме сыйысып отырған кезіміз болды... Жалғыз ғана екі қабат үйде Қазақстан Халық Комиссариаты Советі еркін отыратын сыяқты болушы еді, онда қазір Қазақстан Академиясының тау-кен зерттеу институты әрең сыйысып отыр.

Кейде бір кварталдың төрт бұрышында төрт кішкене ағаш үй тұратын да, кварталдың ортасы төртке бөлінген алма бағы болатын. Алмамен аралас, шие, қара шие, өрік, бадана, жидек, қаракат өседі. Жеке меншікте жеміс түрлері қанша көп болса, қоғамдық меншікте жалғыз жеміс жоқ еді. Қазір Алматы маңайындағы колхоздар мен қоғамдық ұйымдарға тиісті 20 мың гектар жерді жеміс бақшалары алып жатыр. Мұның бәрі де Алматының өз айналасында, Алатау жақ бетінде. «Горный Гигант» колхозының тек қана жемістен түсіретін бір жылдық түсімі төрт миллионнан асады!

Ол кезде Алматыда 45 мың жан болса, қазір әлде қайда өсті, қаланың көлемі тоғыз есе өсті. Ол кезде бір су тиірменмен, бір сыра заводы болса, қазір жүздеген ірі заводтар, ауыр өндірістік ошақтары бар. Қазір Алматы екі жүзден аса фабрика-заводы бар, өндірісті қала.


Ескі Алматының ең дәуірлеп тұрған кезінде қолы жеткені — гимназия, губернатор, шеркеу, түрме болды. Жиі-жиі төбелесі болып тұрды. Сондықтан, жүз жыл жасаған Алматының 29-жылға дейінгі 75 жылдық өмірін астана болғаннан бергі 25 жылдық өмірімен салыстыруға да келмейді. Оны істеген адам кез бен километрді салыстырғандай болар еді.

Алматы астана болғалы жыйырма бес жыл. Бұл жылдары Алматы көшелері кеңейіп, асфальт төселді, көше бойларына күміс сырғдай жарқыраған электр шамдары тізілді. Алматы қараңғы түкпірлерден арылған жарық қалалардың бірі. Кішкене-кішкене ағаш үйлер орта көшелерден күнде көшіп жатады. Ай сайын әр көшеге бір жаңа үй орнап, қаланың кеудесі тағы бір көтеріліп қалғандай көрінеді.

Алматының қарқындай өсе жөнелген кезі, әсіресе, Отан соғысынан кейінгі жылдар. Соғыстан кейінгі бесжылдықта қала құрылысына 400 миллион сом қаржы жұмсал-

са, өткен 53 жылы 186 миллион жұмсалған. Сол миллиондар кварталдарды керней салған биік тас үйлерге, завод-фабрикаларға, мектептерге, мәдениет ордаларына айналып, Алматының болашақ бейнесін айқындап келеді. Завод, фабрикаларды қоспағанда, бұл кезге дейін салынған ең үлкен үйлер бір кварталға сыйып тұрушы еді, енді екі кварталды толтыра салынып жатқан тынысы кең, биік те, көркем үйлердің еңсесі көтеріле бастады: соғыс жылдарында салынып біткен Опера-Балет театрынан басталса, қазір көбейіп, үкімет үйі, Академияның үйі, бірнеше жоғарғы дәрежелі мектеп үйлерінің биік бойлары көрінді. Бұрынғы тар көшелер кеңейіп, шегіне де шалқая салынып жатқан жаңа үйлердің айналасында қаланың тынысын кеңейтетін, көркемдік қосатын скверлар, бақшалар көбейді. Алматының бұрынғы сұлулығы арығы мен ағашына, түзу тартылған көшелеріне ғана байланысты болса, енді совет архитектурасының стилінде салынған астанаға лайық жаңа үйлері арқылы қалаға тән сұлулық жәйін ауыз толтырып айтуға болады. Алматыға Астана көшіп келген кездегі тарыншылық тұсында көшеге қыйғаш-қыйғаш келтіріп арзан барактың үлгісімен салынған көріксіз үйлер, бүйірімен тіркестіріп салған жапырайған үйлер, вагон сыяқты тақтай сыртты үйлер көшу кезегін күтіп тұр.

Алматы — Совет Одағында экономикалық жағынан үшінші орын алатын одақтас қазақ республикасының астанасы. Қазақ халқының ой-тілегі осында түйіледі, елдің жүрегі осында соғады. Данышпан көсемдеріміз Ленин мен Сталин құрған Ұлы Партияның Қазақстандық штабы да осында. Кремльден шыңдалып шыға-



Алматы. Совет көшесі.

Суретті түсірген П. Редько.

тын ұлы ойлар осы штаб арқылы Қазақстан жерінде іске асады. Күні кеше көп елдерден талай ғасыр артта қалған қазақ халқының ленинизм мектебінен суарылып шыққан ұл-қыздары партия штабын, мемлекеттік істерді басқарып, дүние жүзіндегі ең озық ғылым, ең озық мәдениет ордаларын жасап отыр.

Ескі Алматыда он екі шеркеу, төрт мешіт, жүз алпыс екі «кабак» болған. Қазір мұнда қырықтан аса клуб, мемлекеттік алты театр, бір консерватория, бір филармония, он бес үлкен кітапхана бар. Бұрын Алматыда екі-ақ орта дәрежелі мектеп болса, қазір алпыстан асады. Бұрын Алматыда екі мың бала оқыса, қазір жетпіс бес мың бала оқыйды. Бұрын жоғары дәрежелі мектеп деген Алматы сыяқты қалалардың арман ете алмас нәрссесі болса, қазір мұнда 12 жоғары дәрежелі мектеп, елуден аса ғылыми-зерттеу институттары бар.

Қазақ Совет Республикасының ерекше салмағы бар табыстарының бірі мәдениет, ғылым, өнер жағында. Сауатсыздықты түгел жойып, мектеп жасындағы балаларды жаппай оқуға тарту деген үлкен мағнасы бар түйіндердің тоғысар жері. Шаруашылықтың жеке салаларында уақытша кездесіп отыратын олқылықтар болғанымен, социалистік ұлы экономиканың барлық салаларын да ғылым жолымен жүргізуге көшу деген аз табыс бола алмайды. Қазақстанның Ғылым Академиясы одақтас республикалар көлемінде күшті академиялардың қатарына қосылды. Ленин атындағы Ауыл шаруашылық Академиясының филиалы одақтас республикалардың ішінде Қазақстанда ғана бар. Алматыдағы елуден астам ғылыми-зерттеу институттары осы екеуіне кіреді. Қазақстанның қашаннан бері қалғып жатқан жаратылыс байлықтарын, жер-су қорын зерттеп, Ұлы Отанымыздың керегіне жаратуда Қазақстан Академиясы мен филиалдың ерекше еңбектері бар.

Опера, Консерватория сыяқты музыка мәдениетінің ең жоғарғы ордалары кез келген елде құрыла бермейді. Ол көп тармақты, терең мағынадағы мәдениет белгілері Қазақ операсы, қазақ консерваториясы арқылы қазақ халқы ұлы орыс халқының музыка байлығымен, сол арқылы бүкіл дүниелік музыка байлығымен танысып отыр. Қазақ халқына Чайковский, Глинка, Муссоргский, Верди, Россини, Гуно, Бетховин, Бах сыяқты ұлы классиктер қазір жат та емес, тосын да емес. Әдебиетте Толстой, Пушкин, Лермонтов, Шекспир, Гете, Гейне,

Данте, Фердауси, Шолохов, Фадеев, Назым Хикмет, Павло Неруда қандай жатсырамай оқылса, музыка классиктері де сондай сүйсініп тыңдалады. Бұл міне, халықтық мәні бар кең де терең мәдениеттің белгілері, көп еңбектің нәтижелері. Алматы қазір жүздеген ғалымдар мен жазушылардың, артистер мен композиторлардың атын атай алады. Қазақстанда Ғылым мен өнерден, творчестволық дарыннан не туса, соның бәріне де, ең алдымен Астанамыз ортақ, ол ең алдымен партиямыздың, үкіметіміздің сілтеп отырған бағытынан, тәрбиесінен, қамқорлығынан туған еңбек. Алматы — үлкен бір бай республиканың саяси және мемлекеттік, ғылымдық және жалпы мәдениеттік ұлы болашағы бар республиканың Астанасы.

Алматы қаласы үлкен мағнадағы Астана болуына Ұлы орыс халқының үлкен жәрдемі үзілген емес. Сонау революция жылдарының қарбалас күндерінде Ленин, Сталин көсемдеріміз Орта Азия халықтарының болашағына бағыт сілтеп, ішкі-тысқы жаулардың тырнағынан жұлып алуға Фрунзе, Куйбышев, Фурманов сыяқты партияның атақты ұлдарын, қолбасшыларын жіберсе, сол қамқорлық ешуақыта әлсіреген емес. Қазақстанға Сергей Миронович Киров келген жыл Қазақстанның қаладағы, даладағы, өндірістегі барлық адамының есінде мәңгі сақталып қалды.

Социалистік халық пен социалистік қала жасаған сайын жасара беруге тиісті, бұл екеуіне қартаю болмасқа керек. Тарихта аты қалса да өздері әлдеқашан үйіндіге айналған Вавилон, Багдат, я болмаса Карфаген замандары оралмасқа кетті. Социалистік қалалар барлық адам баласының болашағының күзетінде. Соның бірі біздің әсем Астанамыз — Алматы!

Қаланы қапталдай орап, еліміздің бір бүйіріне салынған берік қорғандай болып, ақ жоталы Алатау тұр. Етегінде күн санап көтеріле түсіп, күн санап гүлдене түскен Астанаға қуана қарағандай, самал желімен желпіп қояды. Ыстық күннен шөлдей бастаған гүлдерге, бау-бақшаларға әлсін-әлі жаңбыр сіркіреп-сіркіреп алады. Алатаудың сай-сала, жон-жоталарымен құлай түскен бау-бақшалар, зәулім орман сыяқты қаланы жауып тұр. Бұл әлі молығатын, ажарлана түсетін бақшалар. Сол бақшаның ішінде бақытты елдің Астанасы — Алматы, жүзге толған күні барлық туын көтеріп, астаналардың Астанасы Москва алдында басын иеді.



## Есіне түсті...

Сумкасын алып әсемпаз Марат,  
Үйінен шықты мектепке қарап,  
Көрінді жолда балалар бір топ.  
Зыр қағып жүрді ортада бір доп.  
Шыйыршық атып бір жүйрік бала,  
Айдап жүр допты бар жанын сала.  
Қызықты Марат (ол қалай

шыдар)  
«Бір тепсем болды, тарқайды  
құмар».  
Келмейді ол доп жақынға бірақ,  
Алуға тағы болмайды сұрап...



Домалап жетті-ау бір кезде доп та,  
«Теуіп қал енді, кедергі жоқта!»  
Құлшынып Марат тепті сол допты.  
Жараса енді, бір қызық бопты.  
Жүргендер мына — шыққан ғой  
мана,

Ал қоңырау соғылған жаңа?  
Жүгірді Марат мектепке қарай,  
Малынды терге маңдай мен самай.  
Есікке келді еңтігіп жүріп,  
Балалар кеткен бағана кіріп.  
Мараттың сонда өзгерді түсі,  
Есіне түсіп кешегі «үші».

Ә. Әленов.

Арал қаласы.

## Қыс

Қыс түсті ме рас-ақ?  
Терезені мұз жапты.  
Тыста жұрттың жүзін шат  
Аяз сүйіп қызартты.  
Орман-тоғай томсарып,  
Ақ шапанын киіпті.  
Шаршаған ба соншалық —  
Жұстар да әнін тыйыпты.  
Өктем үн жоқ өзенде,  
Мұз қабағын түйіпті.  
Қысылатын біздер ме,  
Қыс та бізге сүйікті?  
Жарқырайды жалтыр мұз,  
Дайын екен сырғанақ.  
Қанат мұнда жүр жалғыз,  
Таңертеңнен сырғанап.  
Асықпаймын. Желікпен  
«Алысқа» ұзап кетер кім?  
Сабақты оқып болып мен,  
Бәрін қуып жетермін.

Ә. Дүйсембиев.

## Шаңғышы

«Көп шаңғы дүкенге  
Түсіпті...» деген сөз  
Кіші мен үлкенге  
Көп жетті хабар бұл  
Үйінде Ермекке;  
Тарап-ақ кетті тез.  
— Папашым, жүрші бол,—  
Деді ол, әлбетте.  
— Өзіме тура шақ  
Әперші біреуін.  
Мендағы жұртқа ұқсап  
Зулатып жүрейін...  
Қар жатыр жотада  
Таудай боп үйілген.  
Шықты Ермек балақан  
Буынып, түйінген.  
Көп тұрмай, тартынбай  
Ылдыйға зулады.  
Не болды... апырмай!  
Құлады-ау, құлады!  
Шаңғысы көкке ұшты,



Бөлінді таяғы.  
Ермектің беті істі,  
Ауырды аяғы...  
Іс бітпес асығыс;  
Орынсыз аптықпа.  
Сеніммен сынға түс  
Әуелі жаттық та.

Қ. Ыдырысов.

## „Батыр“ қояндар

Бір күні қалың тоғайда  
Екі қоян кездесті.  
Жан жоқ еді маңайда,  
Екеуі еркін сөйлесті.  
Біреуі айтты: «Біз неге,  
Мұнша қорқа береміз?  
Бостан-босқа әрнеге  
Қалмайды бір зәреміз.»  
«Бұдан былай, кел енді  
Қорықпайтын болайық.  
Қорқа беру бекерге  
Болар ма бізге лайық!»  
Сөйлеседі лепіріп,  
Әзірше тым батыр-ақ  
Бір уақытта жел тұрып,  
Сыбыр етті жапырақ.



Көрсетті екі «батырым»  
Жұрт көрмеген «өнерді»:  
Есі шығып бақырып  
Екі жаққа жөнелді.

Бекболат Әдетов.

Іле ауданы, Талғар қазақ орта  
мектебі.

## Шаштараз



Қолхозыма жаңадан,  
Келген еді шаштараз.  
Өзі сондай таза адам,  
Өсіп кеткен шашқа араз.  
Кім бөлмесе көңілін  
Өсті екен деп баста шаш.  
Салақ болса кімде-кім,  
Соны ұнатпас шаштараз.  
Ұқыпты жас баланы,  
Өте жақсы көреді.  
Шашын сәндеп алады,  
Жұпар сеуіп береді.

Ә. Дүйсембиев



# Кішкентай

## ПАТРИОТ

Д. Тасекее :

Әңгіме

Суреттерін салған А. Воеводин.

Бұл оқыйға 1943 жылы февральдың 17 күні болды. Ол күндерде Ростовты тастап қашқан фрицтер Донбасқа қарай шегініп бара жатыр еді.

...Тұман мен дала қараңғылығы бірте-бірте серпіліп таң білініп келе жатты. Жер беті қалың қар. Оң жағымыздағы сай жағалауынан қыстақ үйлері болмашы ғана бұлдырап тұр. Қарсы алдымыз тым-тырыс. Түн бойында зенбірек пен миномет гүрсілдеп, қатты атыста ұйтқып тұрған қыстақтың бұл кезде үнсіз тына қалуы адам нанғысыз ғажайып еді.

Осы таң білінер уақытта қасымдағы Субботин дейтін ефрейтор қарсы алдымыздағы қалың бұталы дөнессымакка және сол жағымыздағы биіктеу келген қырат беткейге күдіктене қарап: «Дайын бол, Оспаных. Бұл иттер енді бастауы мүмкін ғой» — деп мені сақтандырумен болған еді. Жатқан жеріміз қардан ойған тайыз ғана окоп болатын. Басқа солдаттар сыяқты екеуміздің де қас-кірпігімізден омырауымызға дейін қырау басқан. Түн ызғарлы аяз, денеміз құрысқан. Бәрінен де қыйыны — полктың сол қанатын күзетіп, басқалардан әлде қайда шеттеу жатқандығымыз еді.

Бір кезде Субботин солымыздағы қыратқа үрпие қарап:

— Көрінді білем, Оспаных. Оқты солға қарай бағытта, — деп пулеметін кезене түсті.

Айтқандай-ақ сол тұстан бірдеңе қараңдай болды. Қар сықырлап, әлдекімнің жөтелгені естілді. Оның артынан «Қайт! Қайт бері!» — деген әйел дауысы ашынып шықты да, сап тына қалды.

Біз аң-таң болып біраз жаттық. Өйткені ол маңайдан орыс әйелінің келуі титтей де мүмкін емес еді. Әлден уақыттан соң манағы ғайып болған көмескі бейне тағы көрінді. Бұл жолы атыс қызып, майдан дабылы елсіз өлке, қыраттардан асып, сай-саланы кезе жөнелген.

Көп ұзамай көмескі бейне төңкерілген қара күйе шелек яғный мұржа боп шықты. Астыңғы жағы аумақтылау дөңес, — демек жеруі екендігі күмәнсіз еді. Жан-жағымыздан мина мен снарядтар жарылып, жердің жентек-жентек

тоң-топырақтары түтінмен араласып, сапырылыса түскенде жеруі түбінен кішкентай ғана бала көрінді.

Біз бір-бірімізге қарастық. Бойы бір-ақ тұтам; кигені шағындау ғана бүрмелі тон; омырауы ашық; мыжырайған қара құлақшының қолына алып жан-жағына сақтана қарап тұрды да, бері, ойға қарай ышқына жүгірді.

— Ой, сорлады мынау, — дедім досыма.

Субботин қыстақ жақтан жау жолын бөгеп, пулеметтен оқ жаудырды. Бала ештеңені елер емес. Бар пәрменімен ұшып келеді. Жүз метрдей жүгірген бойда қасымызға дәл келіп құлап:

— Атпа! Атпа, ағатай. Атпа! — деп еңтіге сөйлеп қардан ойған окобымызға түсті.

Бір есептен, баланы соғыс ауыртпалығына әбден көндігіп, ысылған-ау дегендей едік. Оның ышқына жүгіруі, окопка еңбектеп келіп түсуі, одан соң екі ортамызда бұғып ғана жатуы адам таңқаларлық ептілік еді. Ол атыс сарынын елемегендей және де бізге үміт артатындай достық пішінде кезек-кезек қарап алды да:

— Ағатай, фрицтер қашуға топтала бастады. Біздің үйдің жанынан мүлдем жақсы көрінеді, — деді.

Субботин әуелде таңдана қарады, одан соң мырс етті де:

— Фрицтер жақсы көрінсе не істе дейсін, балақай? Ұшуға болмайды ғой, — деді.

Бала жақтырмай қалды. Ол айдалада, күзетшілер арасында жатқанын есінен шығарғандай еді. Қабағын түйді де:

— Ұшу емес, мен ату керек деймін, — деді.

— Е, ату ма. Оған асықпау керек, інішек.

— Неге олай? Олар біздің қыстағымызды өртеді, біздің адамымызды өлтірді. Ивашканы атты, Миколаны сабады... Сіздер келіп атпаймын дейсіздер.

— Балақай, оның түсінікті. Бірақ та қазір тырып етпей тыныш жатуың керек. Көремісін, айналаң тұтас атыс.

— Маған оның бәрі бір.

— Саған солай, ал біз үшін постыны тастасақ, е-е-е... біткенін дей бер, балақай.

Бала бізді ұнатпады. Лажын тапса тылға қа-

рай кетпек ойы бар. Жан-жағына жалтақтап, басын көтере бергенде, екі мина жақынға түсіп гүрс-гүрс етті. Жарқыншақтары төбемізден ызындай ысқырып өткенде Субботин:

— Бала, адам өлімі сенсіз де аз емес. Тыпыршуды тоқтат енді,— деп жекіріп тастады.

Бұдан кейін бала өкпелі кісідей үнсіз жатты. Тұра сала үйіне жүгіруге атыс қатты. Қелген ісі аяқсыз қалды. Ерінін жымқырып алған, өте ашулы еді.

Біз одан шешесі мүгедек, үйі оңаша, әрі аш екенін білдік. Мұны айтқанда ол: «Бұл менің өз тіршілігім ғой» деп селқос сөйледі. Аса таңқаларлық жері өте қайсар еді.

Ұрыс қыза түсті. Қабаттасып жарылған жүздеген снаряд жау позициясын аласапырандата жөнелгенде бала тез тұрды да: «Мамама кеттім» деп үйіне қарай жүгірді. Ол маңай снаряд түскен аймақтан әлдеқайда шетірек еді. Субботин қашқан баланы ұстай алмағанына күйініп:

— Жат! Жат, найсап! Құла тез! — деп ақырды.

Бірақ бала оған тоқтамады. Онан сайын ызаланған Субботин не істерін білмей:

— Оспанов, ұмтыл алға! Жеделдет!,— деп маған команда берді.

Мен пулеметімді дискасымен қоса көтеріп ілгері жүгірдім. Жарты жолда балаға жетіп, оны күшақтай құладым. Әуелде бала көнбей: «Жатпаймын! Қорқақсындар!» деп бізді айыптап та алды. Терлеп-тепшіп еңтігіп жатса да, маған айбат көрсетіп ызғарлана сөйлейді. Ақырында еңбектеуге әрең көндіріп, оның үйіне қарай бет қойдым.

Бала тұратын жеруі алды ор екен. Ор ішінде есіктен басын ғана қылтитып дір-дір еткен, өңі құп-қу әйел тұр. Мен үйді шолып одан соң әрегіректегі дөңеске шығып, фрицтерді бақылап төменге түскенімде жүгіре басып бала да жетті. Бірақ та бала кескіні маңағы күйінде емес, иегінің жалбыраған етінен қаны сорғалап, өңі бозарып кеткен еді. Баласын көрген шешесі есінен танып құлап түсті.

Баланы да, шешесін де үйіне кіргізіп, өз пакетіммен баланың иегі мен жағын таңып, иық-жеңін оқ тескен шолақ тонының сыртынан көрпе жауып сыртқа шықтым.



Белестің арғы, жау жақ беті дәл баланың айтқанындай фашистерге толы еді. Ақ қар бетінде қарандап жүрген фашистер үйме-жүйме. Көпшілігі жапа-тармағай машинаға мініп, енді бірсыпырасы ойға қарай қыстаққа беттеді.

Біз екі пулеметімізді қатарластырып қойып, қалың бұта арасынан ата бастадық.

— Ағатай, дәлдеп ат. Оқты аяма, дәлдеп ат!,— деген бала дауысы естіліп жатты.

Күн шыға жау түгел шегінді. Олар жаралыларын далада қалдырып, жолдың қарын бұрқырата суырып машинамен батысқа қашқанда сонынан мотополкіміз өкшелей қуды.

Осы күнгі жеңіске біздің тұтқыйылдан оқ жаудыруымыз біраз ғана сеп болды десек, мұның бәріне де жанағы кішкене бала себепкер еді. Кетерде баламен үйінде тұрып коштастық. Ақ бөзбен танылған иек-жағын ол саусақтарымен ақырын басып, тісі ауырған кісідей тұрды. Фамилиясын жаздырғанда күле сөйлеп «Вася Шукин» деген сөзде «щ» құйрықты екенін қоса айтып, жігерленіп қол қысты.

Біз Днепрге жеткенше жас жауынгер Васяны жиі-жиі еске алып, аңыз еттік. Субботин: «Шіркін-ай, Шукин сыяқты батыр бала тағы бір рет кездеспейді-ау» деп кілең тамсанып, басын шайқап, сондай сәтті арман еткендей жүрді.

Сөздің нақтысына келсек: Вася, әрине, шын мәніндегі жауынгер емес. Алайда, кішкентай жеткіншектің зор талабын еске алсақ, оны тым болмаса «Ең кішкентай патриот еді» — деуге әбден болатын шығар...



А. Гайдар Артеkte пионерлердің арасында.

## АРКАДИЙ ГАЙДАР

Аркадий Гайдардың Артеkte түскен бір суреті бар. Жазғы шуақ күнде, бақ ішінде ол өз достарының — совет балаларының — арасында отыр. Үстінде әскери гимнастерка, сол жақ төсінде ордені, белінде жалпақ белбеу, басында кубанкасы бар. Ол оң жағындағы балаға қарап күлімдеп, еркін жайрандап отыр. Балалар да қуанышты. Олар да өздерінің сүйікті жазушысын ортаға алып, қоршай отырған. Бәрі де оған күлімдей қарайды.

Міне, осы суретте «Аркадий Гайдар қандай адам еді?» деген сұрақтың жауабы жатыр. Талантты жазушы, тамаша адам еді ғой ол. Өз Отанының жалынды патриоты еді. Сендерді, балалар, ол өте жақсы көретін-ді. Ол бар өмірін сендер үшін тамаша кітаптар жазуға арнады, өзінің сүйікті Отанын қорғау жолында, сендердің бақытты болашақтарыңды қорғау жолында қаза тапты ол.

Біздің Отанымызда А. Гайдарды білмейтін, оның кітаптарын оқымаған бірде-бір жас адам жоқ деуге болады. Біздің үлкеніміз де, кішіміз де оны жақсы білеміз, оның кітаптарын қызығып оқығанбыз. Чукпен, Гекпен, Марусямен, Алькамен, Тимурмен, Женямен бәріміз де таныспыз.

Щербаков қаласында өткізілген оқушылар конференциясында Таян Карпенко дейтін жас қыз сөйледі. Не бары жеті-ақ жаста ол. Әлі пионерге де өтпеген. «Мен Аркадий Гайдарды өте жақсы көремін. Тіпті ол өзінің Тимурын орманға жұмсап жіберді, қорықпай, еңсесін биік, өзін еркін ұстауға үйретті» деді Таян сол сөзінде.

Сол қалада тұратын 71 жасар қарт Вера Ивановна Тресвятскаяның қолынан Аркадий Гайдардың кітабы түспейді. Оның үйінде жазушының үлкен портреті ілулі тұр. «Гайдар қандай жарқын, тамаша адам еді» дейді ол да.

Бұл — бір шағын мысал. Біздің еліміздегі үлкеннің де, кішінің де Гайдарға деген адал сүйіспеншілігінің мысалы. Талантты жазушының есімі бізде үлкен құрметпен аталады. Гайдар туралы кітаптар жазылып, әндер айтылады. Теңізде жүзген жаңа кемелдің аты да «Аркадий Гайдар». Қаладағы тәуір көшеміздің бірін де «Гайдар көшесі» деп атаймыз. Кітапханалар, мектептер, балалар үйлері де Гайдар атымен аталады. Мұның бәрі біздің халықтың, үкіметтің жазушыға деген адал ниетінің көрінісі.

А. Гайдардың өмірі әрі ауыр, әрі қызық, әрі бақытты. Ол совет өкіметін орнату жолындағы күрестерге қатысты. Советтік отанын жан-тәнімен сүйе білді, өз елінің гүлденіп өсуі жолында адал қызмет етті.

Аркадий Петрович Гайдар (Голиков) 1904 жылы туы. Ол жас кезін Горький облысындағы Арзамас атты шағын қалада өткізді.

1914 жылы, Гайдар он жасқа толған жылы, оның әкесін әскерге алып, патша өкіметі соғысқа жіберді. Арада үш жыл өтті. Азамат соғысы басталды. 1918 жылы он төрт жасар Гайдар өз еркімен Қызыл Армия қатарына кетіп, совет өкіметінің жеңіп шығуы үшін күреседі. Қызыл Армияда өткізген алты жылы ішінде Гайдар қатардағы солдаттан командалық қызмет атқару дәрежесіне жетеді. Даңқты жеңістерге ие болады. «Он төрт жасынан бастап РККА-да командалық қызмет атқарған Голиков жолдас 1918-1922 жылдардағы азамат соғысының бар ауыртпалығын жауынгерлікпен көтере білген РКСМ-ның жалынды мүшелерінің бірі» — деп жазылған комсомол ұйымының Гайдарға берген аттестациясында.

1923 жылы ертеректе оқ тиген жарасы қайта ашылып, Гайдар қатты ауырады.

1924 жылы, 20 жасқа толған жылы, полк командирі қызметін атқарып жүрген ол ауруы себепті армия қатарынан босайды. Гайдар осы кезден бастап жаза бастайды.

Өзінің қалайша балалар жазушысы болғаны жөнінде ол былай дейді: «Тегі Армияда жүргенде менің өзім де бала болуым керек. Сол себептен де менің кейінгі жас балаларға өмірдің қандай болғанын, қалай басталып, қалай өрбіп келе жатқанын айтып бергім келген сияқты. Өйткені мен соның өзінде бір талайды бастан кешіріп үлгерген едім».

Он бес жылдан артық жазушылық қызметі кезінде А. Гайдар балаларға арнап жыйырмадан астам шығарма жазды. Оның повестері мен әңгімелерінің басты кейіпкерлері — совет балалары, жас пионерлер және олардың достары — Совет Армиясының қызметкерлері. Гайдардың әр кітабы совет балаларының өмірін белгілі бір тарихи кезеңге байланыстыра суреттейді.

А. Гайдар жаңа, бақытты тұрмыс орнату жолындағы совет адамдарының ерлік еңбектерін, оларға көмектескен балалардың еңбегін жазды. Жазушы сол арқылы жастарды батыр, айбынды, өз Отанының жауынгер қорғаушысы болып өсуге тәрбиеледі.

Гайдардың алғашқы әңгімелерінің бірі — «РВС». Мұнда деревня балалары Димка мен Жиганның азамат соғысы кезіндегі патриоттық істері баяндалады. Олар Қызыл Армия бөлімінің командирі, коммунист Сергеевті аман құтқарып жібереді. Қызыл Армияға көмек көрсетіп, совет өкіметін қорғауға араласады.

1930 жылы Гайдардың «Мектеп» дейтін повесі шықты. Бұл — азамат соғысы дәуірін суреттейтін тәуір кітаптардың бірі. Мұнда Гайдардың өзі бастан кешкен өмірдің көп көріністері бар. «Мектептің» негізгі кейіпкері Борис Гориковтан Гайдардың өз характерін көруге болады.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясы, азамат соғысы — осы кездегі ауыр күрес жолы совет өкіметін орнату жолындағы халықтардың басынан өткізген ауыр мектебі болды. Міне, А. Гайдар «Мектеп» повесінде осы кезді жазады. Борис Гориков өмірдің ауыр талқысын басынан өткізеді. Оның әкесі патша армиясының солдаты болып жүріп өледі. Оны революциялық үгіт жүргізгені үшін Уақытша Үкімет атып тастайды. Борис азамат соғысы жылдарында өз еркімен соғысқа кетеді. Қызыл Армия бөлімшесінің командирі Шебалин мен отряд комиссары Чубуктың тәрбиесі арқасында Борис тәртіпті, шешімді, Отанына және революция ісіне шексіз берілген адам болып шығады. Коммунист партиясы қатарына кіреді.

Комсомолдың он бес жылдығына арнап жазған «Жарқырай түссін» атты әңгімесін де Гайдар азамат соғысы кезінің уақыттарына құрған. Комсомолец Ефимка жау таяу тұрған селодағы әйелдер мен балаларды орман ішіне паналатып, аман сақтап қалады.

Бір топ шығармаларында («Барабаншының тағдыры», «Соғыс құпиясы», «Ормандағы түтін» т. б.) жазушы бейбіт кездегі балалардың өмірін, жаңа құрлыс істерін жазады. «Жар астында жау бар» екенін айта отырып, оларды сақтыққа, ерлікке баулайды. «Барабаншының тағдыры» жөнінде Гайдардың өзі «Соғыс туралы емес, бірақ соғыстан да ауыр, қауыпты кездегі істер туралы кітап» деген. Пионер отрядының Барабаншысы Сережа Шербаков жаулардың ықпалына түсіп, оларға біраз уақыт көмек көрсетеді. Бірақ баланың

Отанға деген сүйіспеншілігі, адалдығы, шешімділігі оны сол жолмен жібермейді, ол жауды әшкерелейді.

1940 жылы «Пионерская правда» газетінде А. Гайдардың «Тимур и его команда» атты тамаша повесі басылады. Тимур өзі қатарлас балаларды жыйып, Совет Армиясы қатарында жүрген адамдардың үйіне көмек көрсетеді. Команда мүшелерінің міндетін ұқыпты атқаруы оларды тәртіптілікке, әскери нақтылық пен әдептілікке үйретеді. Кітапта олардың істері мен көрген қызықтары суреттеледі. А. Гайдардың бұл кітабының біздің еліміздегі оқушыларға еткен әсері сондай күшті болды, мектептерде «Тимур қозғалысы» жаппай кең өріс алды. Пионерлер өздерін «Тимуршылар» деп атады. Әр оқушы Тимур сияқты ержүрек, адал, тамаша жолдас, нағыз патриот болуды көкседі.

А. Гайдардың төменгі жастағы балаларға арнап жазған әңгімелерінің ішіндегі көрнектілері — «Төртінші блиндаж», «Чук пен Гек» және «Көгілдір шыныаяқ».

«Төртінші блиндаж» — қызық оқиғаларға құрылған әңгіме. Жеті жасар Колька, сегіз жасар Нюрка, алты жасар Васька үшеуі қызыл әскерлердің жаттығу жүргізетін блиндажына түсіп кетеді. Олардың үстінен әртиллерия оғы атылады. Снарядтар жарылады, Балалар қорқады. Бірақ, олар шыдамдылық көрсетеді, ерлікпен шығады. Кітапта жас сәбилер психологиясы шебер суреттелген.

«Чук пен Гек» атты әңгімеде ағайынды Чук пен Гектің шешесімен бірге алыстағы әкесін іздеп бара жатқандығы айтылады. Жазушы балалар саяқатын шебер суреттейді, олар өз отанының ойы-қырын, тамаша табиғатын, табысын көреді. Чук пен Гектің поезд үстінде көргендері, әкесі тұратын орман ішінде көргендері бейбіт еңбектің арқасында өркендеген бақытты елдің бейнесін көрсетеді.

«Көгілдір шыныаяқ» — кішкене қыз Светлананың әкесімен бірге жазғы серуенін суреттеуге арналған. Онда жазушы балаларды еліміздің бақытты өмірімен, сұлу табиғатымен таныстырады.

1939 жылы А. Гайдар «Советтік көркем әдебиетті өркендетудегі елеулі еңбегі мен табыстары» үшін нағдалған бір топ ақын-жазушылармен бірге «Құрмет белгісі» орденін алды.

1941 жылы А. Гайдар Ұлы Отан соғысы майданына аттанды. Ол «Комсомольская правда» газетінің әскери тілшісі болып істеді.

Оның соңғы жазғандары — Ұлы Отан соғысы кезіндегі жазбалары. («Қолыңа қару ал, комсомол ұрпағы», «Соғыс және балалар», «Көпір», «Бұрылыста», «Алдыңғы шепте», «Ракета мен граната» т. б.). Олар «Комсомольская правда» газеті мен «Совет балаларына» атты жыйнақта басылды. Бұл шағын очерктерінде Гайдар совет елінің сарқылмас қуаты, халқымыздың батырлығы туралы жазды.

Совет Армиясының шегінісі кезінде Гайдар жау тылында қалып, Украинада партизандармен бірге соғысты.

1941 жылдың 26 октябрь күні Гайдар жау оғынан қаза табады.

Жазушының бейіті Днепрдің жағасында, Киев облысындағы Канева қаласында, Украин халқының тамаша ақыны Тарас Шевченконың бейітіне таяу.

А. Гайдарды совет балалары ешуақытта ұмытпайды. Оның шығармалары мәңгі ескірмей, ұрпақтан ұрпаққа тарай бермек.



Бұл оқыйға біз сонау Архангельскіде тұрғанда болған еді. Менің онда төрт жасқа жана толған кезім. Шешем совпартшколада оқыйтын, әкем бір газеттің тілшісі болып істейтін, үйде көп тұрмайтын. Тек окта-текте хат жазып, «Тимур Гайдар, бәрін жайпар, терезеге секірме, үйдің тынышын кетірме» деп телеграмма жіберетін-ді.

Бірде қыстыгүні жылы бөлмеде ойыншық атқа пирог жегізбек болып, алдында тұр едім. Ол қайдан жесін, пирог үгітіліп еденге түсе берді. Сол кезде бөлмеге басына папах, үстіне аю ішік киген, ұзын бойлы битаныс адам келіп кірді. Ол тоқтай қалып, менің ісіме шұқшыя қарады да: «әй, жігітім, атқа жем беріп тұрсың, ал, бірақ, ауыздығын алмағансың. Атты әскер сөйте ме екен?» — деді. Сөйтті де күлімсірей мені қолына алып, аяз лебі білінген ішігіне басып қатты қысып, жоғары лақтырып-лақтырып тастады.

Бұл алыс жерге жолаушы жүріп қайтқан менің әкем еді...

Әкем екеуміз жиі-жиі алысқа көңілді серуен құрып, кейде тоғайды, даланы кезіп, қараңғы түскенше жүріп қалатынбыз. Әдетте серуенге бізбен бірге көптеген балалар баратын, әкем

азамат соғысы жайында, ұрыстар мен жорықтар жайында... әңгімелер айтатын.

Бірде біз серуеннен кеш қайтып келе жатыр едік. Қараңғы түсіп жол бойындағы селдір тоғай қалың орман секілденіп көрінді. Оның үстіне әкем мұңлы дауыспен өлендетіп келеді.

Жолсызбен ен далада,

Адасып әке, бала да...

Менің өн-бойымды қорқыныш билеп, әкемнің қолынан ұстап жүрдім.

— Ә-гей, Тимур! Сен қорқып кеттің білем? — деп сұрады ол.

— Жоқ, қорыққан жоқпын. Сәл ғана сескеніңкіреп келемін.

— Ал, қорықпасаң, алда жалғыз жүріп көр, анау бұрылысқа дейін бар. Сонда жалтақтамай тұрып, мені тосып ал.

Шын-ақ қорқынышты еді, бірақ әкеме қорқақ боп көрінгім келмеді, қараңғыда ағарандаған жолмен ілгері жүріп кеттім. Бұрылысқа келіп, тоқтап, тосып тұрмын. Төңірек қап-қараңғы. Бұлақ бойында бақа бақылдайды. Бұта ішінде бірдене сытыр ете түсті, бірақ мен тапжылған жоқпын.

Бұта ішінде сытырлаған дауыс барған сайын күшейе түсті. Әлдекім алқына демалады, бұтақтар сатыр-күтір сынып жатыр. Бірақ, жалтақтап қарауға да болмайды, тұра да қаша алмайсың. Өйткені онда әкем мені қорқақ деп ойлап, бұдан былай жақсы көрмейтін болады ғой. Әкем қорқақтыққа еш төзбейтін, үлкеннің де, кішінің де, әлдінің де, әлсіздің де қорқақтығын кешірмейтін.

Ақырында сытырлаған дыбыс басылды. Әкем мені иығына көтеріп алды. Сөйтсем, ол бұта ішінде тұрып, баласының батырлығын сынамақ болған екен...

1931 жылы мен әкеммен бірге Артекке бардым.

Әкем онда «Қыйырдағы елдер» деген кітабын жазып жүр еді.

Кейде оның бөлмесіне балалар жыйналып, ол өзінің жаңа кітабынан үзінділер оқып беретін.

Біз әкем екеуміз бір-бірімізді ерлерше жақсы көрдік. Ешқашан бір-бірімізді алдап көрген емеспіз. Уәдеміз берік болушы еді. Егер әкем маған бір нәрсеге уәде етсе, оның орындалатынын мен алдын ала білуші едім. Ал, егер мен «уәде бердім» десем, әкем өзін Тимурдың алдап кетпейтініне берік сенетін. Біз бір-бірімізді «Ә-гей» деп шақырушы едік. «Ә-гей» деген дауыс естілсе-ақ, мен қайда жүрсем де, тұра жүгіретінмін.



Аркадий Гайдар және оның баласы Тимур.

Әкем бір-ақ рет, мен есейіп қалған кезімде, өзінің уәдесін орындамады. Бұл былай болып еді. Менің есі-дертім велосипедте болған соң, оны әкем көктемде-ақ сатып әперемін деген. Біресе магазинге түскен велосипедтерді жұрт жапа-тармағай сатып әкетіп, біресе әкем қаладан кетіп қалып, біресе ақша болмай, әйтеуір велосипед сатылып алынбады. Мен көп тостым, жаз өтуге айналғанда, бір күні әкеме келіп:

— Сен баяғыда маған машина сатып әперемін деген едің, ал, өзің тіпті қозғалмайсың ғой, — дедім.

— Ие, — деді әкем, — сенің айтып тұрғаның дұрыс. Уәде еткеніме көп болды, бүгін сатып әперемін.

Іле ол кетіп қалды. Сағат бес кезінде қайтып оралды, бір нәрсеге қамыққан, мұнайған тәрізді. Папағын алып, иығына қарғып шыққан Маруська дейтін мысықты қуып жіберіп, отырды да, ойланып қалды.

— Тимур, — деді ол бірнеше минуттен соң, — менің қалтамда ақша бар, «Динамо» магазинінде велосипед те тұр, саған берген уәдем де бар. Бірақ, бір досым ақшаға аса зәру көрінеді және алатын да жері жоқ, менің басқа ақшам да жоқ. Ал, ендігісін өзің біл.

Мен томсарып қалдым. Балаларға бүгін жаңа машинаға мініп жүріп көреміз, деп айтып та қойған едім! Бірақ, әкемнің ренішті жүзіне қарап:

— Онда, папа, ақшаны досыңа бер. Велосипед... велосипед бізден қашып құтылмас, — дедім күрсініп.

— Солай, дұрыс, Тимур, — деп әкем орнынан тұрды да, тағы да бір жаққа кетіп қалды.

Ол кешікпей қайтып оралды. Мен қыңқылдаған да жоқ едім, өкпелеген де жоқ едім, бірақ оның жүзінен әлгі оқыйғаға ренжіп қалғаны байқалады. Ол қара, сыры жылт-жылт еткен, никель жалатқан жаңа машинаны үйге әкеп дөңгелетіп енгізгенше, осылай қабағын түйіп жүрді.

...Балаларды машинаға толтырып алып, қалада серуендеткенде ол қандай рақаттанушы еді!

Әкем балаларға өзінің кітаптарын өзі оқып бергенді жақсы көретін. Ол онша дауыстамай, жан-тәнімен, жатқа оқыйтын. Жазғаны балаларға ұнай ма, жоқ па, білгісі келіп, сұрастырып отырушы еді.

Кейде әкем қалада жаза алмай, қаланың ушуынан алыс, бір деревняға барып жұмыс істейтін. 1937 жылы, әкем «Барабаншының тағдыры» деген кітабын жазып жүрген кезінде, Москвадан жүз елу километр жердегі селоға кетіп қалған еді. Мен демалыста жүргенмін,



А. Гайдар азамат соғысы жылдарында.

жұмыс істеуіме көп бөгет жасаушы болма деп ескертіп, өзімен бірге мені де ала кетті.

Біз селоға келсек, көшеде балалар шайқасып жатыр екен: екі топ бала жентек қармен бірін-бірі атқылап жүр. Мандайы іскен, мұрны бұзылған «жаралылар да» бар секілді. Әкем мұны көріп, қабағын түйіп үйге кіріп кетті. Шешінбес бұрын, ол үй иесінің баласы Пашканы шақырып алып, одан бұл төбелесушілер селоның екі шетінің көптен өзара өштесіп жүрген балалары екенін білді.

Әкем Пашаға өзінің үлкен ақ орамалын беріп, қазір екеуміз майдан шебімен өтеміз, сен алда жүріп, мына орамалды бұлғап отыр деді.

Әкем мен Пашка «ұрыс шебіне» барғанда, зуылдап ұшқан қар-оқтар тоқталып, балалар оларға одырая қарап, соғып жіберсек пе екен, зытып берсек пе екен деп ойланып қалды.

— Әскер елшілері, келіс сөз жүргізуге маған келіндер! — деді әкем дауыстап.

Бірақ, ешкім тырп еткен жоқ, әкем әлгі сөзін тағы қайталап айтты.

— Қане, неге тұрсындар? Әр армиядан маған бір-бір командир жіберіндер. Мен оларға тимеймін.

Бұл кісіден бой тартудың қажеті жоқ екенін, ол бірақ жаман ниетпен емес, жай түсініксіз бір нәрсені анықтау үшін шақырып тұрғанына көздері жеткеннен кейін ұзақ күбірлесіп барып, бірін-бірі итермелей үш бала жақын келді. Екеуі бір топтан, біреуі екінші топтан еді. Әкем олардан бірдеңе сұрап еді, олар қызу бірдеңені дәлелдемек болды. Сонсоң әкем үйге кетті де, елшілер өзді-өз тобына барды, өзге балалар оларды лезде қоршап алып, не болғанын айттындар деді. Атқыласу енді тоқталып, әскерлер дабырласып ұсынысты талқылауға кірісті.

Сонымен кешікпей-ақ талас та тоқталды, балалар үйді-үйіне тарады да, біз түскен үйге әрбір «армиядан» екі адамнан уәкіл келді. Біздің үйде, әкемнің басқаруымен қолбасылардың штаб бастықтарының бірінші мәжілісі өткізілді. Келесі күні әскерлердің бірі қардан қамал соғып, жауынгерлер қорғанысқа кірісті. Ал, екінші әскер шабуыл жасауға әзірленді.



А. Гайдар Ұлы Отан соғысында, 1941 жыл. Сентябрь.

Қамал түбінде кешке дейін күзетушілер, барлаушылар тұратын, әскерлердің барлаушы тобы, тылы, инженерлік бөлімі бар еді. Соғыс бұрынғыдан әлдеқайда қызық болып кетті! Әкем күн сайын командирлерді жыйнап алып, не істелді, не істелінбек екенін, қалай ұрысты, қайткенде жақсылап ұрысуға болатынын талқылайтын. Әкем олардың ең жоғарғы төрешісі, тактика оқытушысы, үлкен досы еді.

Қамал көпке дейін алынбады, өйткені қорғаушылары кілең батырлар еді. Бірақ қолбасы кателесіп, гарнизонды түгелдей қамалдан жорыққа алып кеткен. Сол кезде тосқауылда бағып отырған жау отряды қамалды оп-оңай басып алып қойды.

Әкемнің қалаға қайтатын мезгілі жетті. Біз станцияға жүрерде, селонның барлық балалары топталып, оны аттандырып салуға шықты.

Бірде әкем науқастанып, Москва маңында ауруханада жатты. Мен жексембі күндері оған барып тұрдым.

Әкем тәуір бола бастап еді. Біз аурухана аласындағы паркте серуендеп жүретін болдық.

— Шынында, сен ержетіп, мен қартайып бара жатыр екенмін, — деді әкем сәл езу тартып күлімсіреп. — Бұдан әрі не болатынын тыңда:

Өтер әлі талай жыл,  
Тартар әлі шаш бурыл.  
Мен үшін сонда, көрермін,  
Мінгенін атқа Тимурдың.  
Ойнақшып сонда жануар,  
Тұра алмас, жорық сағынар,  
Секіртіп қырдан, ойдан да.  
Тимур шабар майданға.

— Жоқ, папа! Бұл айтқаныңның бірі де болмайды. Сен әлі жассың, қайратың әлі қандай десенші? Мен атты әскерге бармаймын. Мен флотқа барамын.

— Несі бар, флот — жақсы өнер. Бірақ, атты әскер болу да жаман емес. Жүйрік ат, қысқа мылтық, өткір қылыш — бәрі келісіп-ақ тұрған жоқ па?

— Жоқ, флотқа барамын, — дедім қайталап.

— Флотқа барсаң, флотқа бар, — деді әкем келісіп, — бірақ екеумізге, Тимур, әлі мықтап соғысуға тура келер.

1941 жылдың күзінде, әкемнің майдандас достарының бірі одан блокнот қағазына жазылған қысқа хат әкеп бергенде, осы сөзді есіме түсірген едім.

— «Азамат соғысы кезінде шайқасқан жерлерде соғысып жүрмін, — деп жазыпты ол. — Бәрі ойдағыдай болады, біліп қой. Жақсы оқы, көп сағынба. Мүмкін жуықта көрісіп те қалармыз».

Бірақ, бізге қайтып көрісуге тура келмеді.

Аударған Т. Абдрахманов





## Сақыйна

Борис Емельянов

Әңгіме

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Осы бір көне, күміс сақыйнаның қолыма қайдан түскені есімде жоқ.

Осыны Аркадий Гайдардың көзі шалып, тасқа ойылған ғажайып өрнектеріне ұзақ үңілмесін бе.

Сақыйна сыртында сай-сай әшекейлі өрнектер қонырқай тартқан жасыл моншақтаспен безендірілген, сап күмістен құйылған нақышты баулық сол өрнектерге сән беріп, өте келісіп тұр. Ұрысқа төзімді, көзге сәнді болсын деп бір кезде сауыт тонды дәл осылайша соғатын-ды.

Гайдарға сақыйна ұнап кетті де, қолына ап, саусағына кигізді.

Қала ішіндегі бір шаруаларды реттемек болып кетуге кірісіп едік. Гайдар сақыйнаны саусағынан қайтып суырмады. Ол екеуміздің аразымызда мынандай бір достық салт болатын. Қажет боп қалды — аласын. Неге алдың, не үшін алдың, қанша уақытқа алдың — оны сұрап жату деген бізде болмайтын.

Біз қаланы аралап, машинамен көп жүрдік, күн кешкіре бастады, сүйтіп жүргенде папиросымыз бітіп қалыпты. Садовая көшесінде, Гайдардың нақ өз үйінің алдына жете бергенде шоферге машинаны тоқтаттырдық. Гайдар ма-

шинадан түсіп, дүкенге беттеді. Дүкен жанында екі бала тұр екен. Олардың біреуі Гайдардың қолындағы сақыйнаны көріп, екіншісін түртіп қалды. Сөйтті де олар сап күмістен құйылған асылтасты жүзіктен көздерін алмай қойды.

— Ұнай ма? — деп сұрады Гайдар.

— Ұнайды, — деді екі баланың біреуі күмілжіп.

— Қызықсан, бере тұрайын, — деді Гайдар. Балалар үндемеді.

— Бірақ, — деді Гайдар, — бұл тегін сақыйна емес, сыйқырлы сақыйна. Егер сендер маған қырық сегіз сағат өткеннен кейін қайырмасаңдар, онда мен үлкен бақытсыздыққа ұшыраймын.

Ол сақыйнаны саусағынан алып, екі баланың біріне ұстата салды. Шылым да алынды. Гайдар машинаға қарғып мінді, машина зырғып ала жөнелді.

— Мен сақыйнаны қыймай, артыма жалтақтадым. Балалар біздің соңымыздан жүгіріп, бірдене деп айғайлап келеді екен. Бірақ қарсынан үлкен бір ауыр жүк машинасы көлденең кеп қалып олардың жолын бөгеді де, біздің автомобиль бүйірдегі тар көшеге бұрылып кетті.

Екі күннен кейін Гайдар маған телефон соқты.

— Егер мүмкіндігің болса,— деді ол,— маған келсең. Халім мүшкіл.


Мен келдім. Гайдар ана бұрыштан мына бұрышқа барып, бөлме ішінде сенделіп жүр екен, мен не болғанын сұрадым. Ол қайғылы пішінмен, ақырын ғана тіл қатты:

— Қырық сегіз сағат өтті. Балалар жоқ. Сенің сақыйнаң шамасы кетті ғой деймін.

Біз ұзақ отырдық. Гайдар әлсін-әлсін орнынан ұшып тұрып терезе алдына барып, аулаға үңіліп, сағатына қараумен болды.

— Міне, елу бір сағат, Елу екі, елу үш... деп санады ол.

Гайдардың жайын ұқтым да, мен өзіме кейіп, сақыйнасы құрысын дедім. Сайып келгенде, менен кеткені бір күміс ойыншық қана ғой. Ал, Гайдардың жоғалтқаны әлдеқайда көп жатыр-



ау. Мен сақыйнаны сөз етпеуге тырысып бақтым. Бірақ, ол есінен шығара алмай-ақ қойды да, бірнеше күн бойы тұнжырап, көңілсіз жүрді.

Бір күні біз тағы да үйге қайтып келе жаттық, кенет, светофор машинамызды тоқтатуға мәжбүр етпей ме, тоқтаған жеріміз баяғы көңілсіз оқыйға болған, темекі сататын дүкеннің

жаны екен. Іле жасыл жарық жанып, алдыңғы машиналар жылжый жөнелді, біз ең соңғылардың бірі болып қозғалдық. Мен неге екені белгісіз, артыма қарап едім, Садовая көшесін кесіп өтіп бара жатқан бір жүк машинасын көзім шалды. Сол сәт баяғының бәрі — балалардың соңымыздан жүгіргені де, сақыйна да, сол кездегі Гайдар да есіме түсе кеткені бар емес пе.

— Аркадий,— дедім мен,— тоқтай қал! Айтпақшы, балалар саған сақыйнаны қайда әкел беруге тиіс еді. Сен оларға адресіңді айтып па едің?

Содан бері талай жыл өтсе де, қолымды шап беріп, қысып жібергенде көзімнің жарық еткізген Гайдардың дәл сол шақтағы кейпін ешқашан ұмытар ма екенмін!

— Есімнен шығып кетіпті! — деп айғайлап жіберді ол,— есімнен шығып кетіпті, жазған басым. Мен оларды, олар мені күтіп жүре бергенбіз ғой. Елу үш сағат ғана емес, одан да ұзақ күтіскенбіз. Ой сабаздар-ай! Олар ғой мені қазір де іздеп жүр.

Гайдардың көңілі жай тапты. Сақыйнаны алған кішкентай жандар қаланы кезіп шынында да мұны іздеп жүргеніне ол кәміл сенген еді. «Осы бір көне сақыйна шынында да сыйқырлы, — деді ол,— бұл адамды бақытқа кенелтеді».

...«Сақыйна» Аркадий Гайдар жөніндегі басқа әңгімелермен бірге 1946 жылы «Пионер» журналына басылып шыққан-ды.

Журнал оқушыларына барып жетті. Мен олардан хат алып жаттым. Балалар сақыйна жоғалды дегенге сенбей қойды. Олар сақыйна алған балалар қашан табылды, Гайдарды олар қанша іздепті, оны қайдан тауыпты, солардың өздері қандай балалар екен деп қояр да қоймай сұраумен болды.

Менің кішкентай оқушыларымның сақыйна табылатынына сенімдері зор болған еді.

Таяуда жол жүріп үйіме қайтып келсем, столымның үстінде жатқан көне тартқан күміс сақыйнаны көзім шалды. Сай-сай өрнектері қонырқай тартқан жасыл моншақпен безендірілген. Ескі ақық тасты орнынан аздап ауытқыпты. Бірақ мен оны болмашы ғана сызат алған жарықшағынан біле қойдым.

Үйімдегілер маған сақыйнаны екі офицер әкелгенін айтты. Бұлар сол Гайдардың «балалары» еді. Олар ойламаған жерде журналдан әңгімемді оқып, барлық оқыйғаны түсінген де, Москвадан мені іздеп тауыпты. Өздеріне қымбатты ойыншықты сеніп қалдырған битаныс жақсы адамды олар сегіз жыл бойы іздеген, бірақ әрине, таба алмаған...

Аударған *М. Иманжанов.*

# ЫНТЫМАҚТАСТАР КЛАСЫ

Жаңбыр жауып тұр. Люда мектептен қайтып келе жатыр еді. Бір кішкентай бала үстім су болмасын деп жүгіріп барады екен.

Люда баланы қуып жетті де, зонтигінің аясына алды, үйіне дейін шығарып салды.

Мұны мектептен бірге шыққан құрбыларының көбі көрді.

— Нағыз пионер осылай істейді! — десті балалар.

Ертеңінде 3-«б» класының оқушылары класс жетекшісімен бірге «Алеша Птицин мінезін қалыптастырады» деген киноны көруге барды. Келесі күні пионерлер көргенін айтысып, қызу әңгімеге кірісті. Галя Чернова:

— Маған, әсіресе, ұнағаны — Алешаның алыстан Москваға келген кемпір мен оның немересіне жол көрсеткен кезі. Алеша қонақтарға метроны, Москвада соңғы кездерде салынған зәулім үйлерді көрсетеді, астананың аландарын аралатады. Алеша қонақтарға өзінің атын ғана айтады, фамилиясын да атамайды. Өйткені Алеша үлкендерге қолқабыс тигізуді пионерлік борышы деп санайды.

— Мұндай үлгілі пионер бізде де бар, — деді Лидия Федоровна. — Мысалы біздің Люда анада, жаңбыр күні кішкентай баланы суда қалдырмай, үйіне апарып салған жоқ па? Сендер бұл картинадан көп нәрсе үйренуге тиістісіңдер. Алеша өзің еңбектенуге үйретеді. Бұл жолда ол үлкен табандылық көрсетеді.

Осы сөздерден кейін әр пионер өз бойынан міндерін көргендей болды. Фатима Гусейна сабақ дайындап отырып төзімі жетпей ойынға араласып кететінін есіне алды. Алмаш Садуақасова орысша сөйлегенде аңдамай сөйлеп, өз сөзін өзі бақпай, «о» мен «а» әріптерін шатастыра беретінін ойлады. Алешадай болсам, мен өйтпес едім деген ой әркімнің басында тұрғандай еді.

Бұл класс — өте ұйымшыл класс. Олар біріне бірі көмектеседі, бірінің бастамасын бірі қолдап отырады. Сөйтіп алдарына қойылған ең үлкен міндет — оқуды жақсы оқиды. Кластағы 30

баланың бәрі де сабақ үлгереді. Бұл табысқа олар ұйымшылдықтың арқасында жетті.

Быйылғы оқу жылының басында класқа жаңа оқушы келді. Ол — ауылдық жерде өскен қазақ қызы. Орыс тілінің екпінін келтіріп айта алмайды екен. «О» мен «А» әрпін бірімен бірін алмастырып алып жүріпті. Отряд советінің председателі Люба Москаленко орыс тілінің екпінін шатастыра беретін Алмаш Садуақасоваға көмек беруді Люба Цаплина мен Тая Богачеваға тапсырды. Үш құрбы сабаққа ке-



3-«А» класының оқушылары (оңнан солға қарай) Алмаш Нұрмағамбетова, Рита Лакида және Райхан Ибрашева макет жасап отыр.

Суретті түсірген С. Закржевский (ҚазТАГ-тың сурет қорынан)

лерде де, сабақтан қайтарда да бірге жүреді, бірге сырласады. Люба «қу» екен: Алмашты көбірек сөйлетеді, өзі оның әрбір сөзін қадағалап отырады. Алмаш бір сөзді қате айтып қойса, Тая мен Любаның біреуі қолма-қол түзетеді. Сөйтіп, оқу жылының өткен жартысында Алмаш орыс тілінде жақсы сөйлейтін болып алды.

Ал, Фатима Гусейна көбейту таблицасын көпке дейін жаттай алмай қойған еді. Бұған да жолдастары жәрдемдесті. Айнагүл Тұралина орыс тілінің оқуын бірінші тоқсанның басында екілік алып қалып жүріп еді, құрбылары оның үйіне келіп сабақты бірге оқыды, бірге дайындады. Айнагүл де қатарға қосылды.

Бұлар — тәжірибесі аз, тіпті кішкентай оқушылар. Сырттай қараған біреулер үшінші класс



Оқытушы Лидия Федоровна Яновская 3-«А» класының оқушыларымен Гайдардың творчествосы жөнінде әңгімелесіп отыр.

Суретте: (солдан оңға қарай) Баян Жұматова, Люба Москаленко, Лариса Овчинникова, Люба Цапина, Галя Чернова.

Суретті түсірген *С. Закржевский* (КазТАГ-тың сурет қорынан)

оқушылары не істеп жарыта қояды деп ойлауы мүмкін. Олай ойлаған адам осы класқа келсе, өз қателігін түсінер еді. Бұған толып жатқан себептер бар.

Біріншіден, осы кіп-кішкентай балалардың өмірінде октябрь мерекесі алдында естен кетпестей үлкен қуаныш болды. Жас бөбектер жас лениншілер — пионерлер қатарына кірді, тұңғыш рет пионер галустугін тақты.

Пионер деген сөз — қай істе болса да алда, озат деген сөз.

Мұны 3-«Б» класс оқушылары жақсы біледі.

Бұл отрядтағы жұмыстың бәрі жақсы оқу міндетіне арналған.

Екінші звенода «Мен сабақты қалай оқыймын» деген тақырыпқа алғаш рет өткізілген жыйынды жас пионерлер ұмыта алар ма?

Әр пионер үйге келгенде сабаққа қалай әзірленетінін, уақытты қалай пайдаланатынын айтты. Оқу озаттарының тәжірибесі ортаға салынды. Сабақты әрдім-бердім оқыйтындар да өз міндерін жасырған жоқ. Аты дайындалдым деп оқуға атүсті қарап келгендіктерін айтты олар. Алғашқы жыйынның көмегі аз болмады. Жыйын жас пионерлердің көркемөнерге ұмтылуына көмектесті. Жыйынның соңында пионерлер концерт берді. Неля Геська «Самал жел», «Қысқы жол» деген өлеңдерді орындады. Галя Чернова орындаған поляк ақыны Юлиан Тувимның «Құстардың өсегі» деген тақпағы жұрттың бәрін сүйсіндірді.

Айнагүл Тұралина қазақ биін биледі. Галя Шелкинаның айтқан «Қырда гүл өсті», «Ара» деген әндері ұмытылмастай есте қалды. Москаленко, Куликова, Еремина, Мамедовалар

«Еменнің аясында» деген халық биін жақсы биледі.

Тап осындай жыйын басқа звеноларда да өтті. Бұл жыйындар пионерлерге уақытты үнемді, дұрыс пайдалануды үйретті.

Отрядтың алғашқы жыйыны да сәтті өтті. Жыйын «Олар пионер болған» деген тақырыпқа өткізілді. Мұнда Володя Дубинин, Павлик Морозов, Олег Кошевойлар жөнінде бір топ пионер баяндама жасады.

Отряд пионерлері өнерлі. Алла Рогазина скрипкада ойнаса, Таня Синицина, Куликова, Рита Лакида, Болатбековалар пианино тартады.

Отрядтың өзінің көп кісілік хоры бар. Бұл отряд ән

айтудан бүкіл дружинаның алдында келеді.

Жас пионерлердің сүйсінерлік істері көп. Олардың бойындағы жақсы қасиет — еңбекке құштарлық, еңбек сүйгіштік.

Бір күні «Өлі табиғат» сабағында балалар қыс деген тақырыпты өтті. Екі-үш күннен кейін Алмаш Нурмағамбетова класқа бір ораулы зат әкелді. Құрбылары «Бұл не екен?» дегендей қарай қалысты. Осы кезде класқа отряд вожаты, 8-класс оқушысы Света Макырчикина келіп кірді.

Әркім өзі істеген игі ісіне жылы сөз естігісі келетін әдеті ғой — Алмаш вожатыға қарады.

— Кәне, Алмаш, көрсетші, не жасадың.

Ораулы зат ашылып, стол үстіне қойылды. Бөбектер үймелесе қалды.

Ұзындығы 40 сантиметр, ені 20 сантиметрлік макет. Қалың жауған ақша қар. Талдардың басын қырау шалыпты. Деревня үйлерінің маңы да тау-тау қар. Алмаш осыны ақ мақта мен қатты қағаздан жасапты. Макет қыс көрінісін балалардың көз алдына әкелгендей.

— Бұл жақсы бастама. Алмаш дұрыс істеген. Сендер де осындай түрлі макет жасап үйреніңдер, — деді вожатый. Бала жаны қандай әсіреленгіш! Қластастар шындап қызықты. Люда Ракова «Төбелер» деген макет жасап әкелді. Енді біреулер жұлдыз суретін салды, қайсы біреулер бұршақ пен жүгеріден пионер значогін жасады.

Жақсы бастаманы олар осылай жаппай қолдап отырады.

Кішкентай күнінен біреуге иек артпай, өзін еңбектене білуге үйрену — бұл да жақсы қасиет. Бұл макеттер қазір мектептегі пионер бөл-

месінде тұр. Бұл бөлмеге кірген адам балалары өздері жасаған кішкентай бұйымдарға көз тоқтатпай кете алмайды. Әр звенодағы жұмыс балалардың өз тілегіне, талабына сай құрылған. Пионер жақсы бір кітап оқыса, класқа айтып келеді. Мұны біліп алған сон, кластастардың әрқайсысы әлгі кітапты оқып шығуға тырысады. Балалардың бәрі оқып болған кезде олар кітаптан алған әсерлерін ортаға салып, әңгімелеседі. Осындай әдіспен олар быйыл оқу жылы басталғаннан бері А. Гайдардың «Р. В. С.» «Чук пен Гегін», Ершовтың «Конек-Горбуногін» және «Алладин және сыйқырлы шамы» деген кітаптарды оқып шықты.

Баян Жұматова бір демалыста Алматыдағы орталық музейді көруді ұсынды. Бұл тілек те орындалды.

Музейден балалар көп нәрсені көргенмен, талай-талай нәрсе сырын ішіне түйіп қалып қойды. Бірақ арада бірнеше жыл өтеді, балалардың ой-зердесі де өседі. Сонда әлгі жұмбақ нәрселер алақанға салғандай айқын, түсінікті болады. Өйткені біздің балалар өмірден үйреніп ержетеді, маман болады, сөйтіп, бір кезде өмірді өзі сәндей түседі.

Осыны класс жетекшісінің сөзі де растағандай.

— Өз класымдағы оқушыларға разымын. Бәрі де жақсы оқуға, білімді, енерлі адам болуға тырысады. Бұлардың сондай болатынына мен кәміл сенемін,— дейді класс жетекшісі Лидия Федоровна Яновская.

*М. Әлімбаев*

Алматыдағы 19-мектеп.

## АЛТЫН ЖҰМЫРТҚА

*Болгардың халық ертегісі.*

Теңіз жағасында бір кедей адам тұрды. Ол құм арасынан қабыршақтар жыйнап, алқалар сататын болыпты. Бір күні ол сондай жеті алқа сатып, түскен ақшасына базардан бір тауық сатып алыпты. Сөйтсе ол тауық тегін тауық емес екен — күн сайын бір алтын жұмыртқа туыпты да отырыпты. Міне, қызық деп оған әлгі кедей қайран қалады. Ол бір жәшік алтын жұмыртқаны жыйнап алып шеберлерге сату үшін базарға алып барады. Базарға келісімен-ақ кедейді қоршап алып шеберлер оған червон ақшаны тұстұстан ұстатады. Сонымен ол қалтасын ақшаға толтырып үйіне қайтады. Бұл көп ақшаға кедей кеме сатып алады. Сол кемеге мініп алып, ол енді теңіз айдынына жүзуге шығады. Бірақ кедей тауықты қалдырмай өзімен бірге каютаға ала жүрді. Тауық баяғы қалпында күн сайын алтын жұмыртқа табады да отырады. Бір ай өткеннен кейін ол кедей барлық алтын жұмыртқаны сатып, екінші бір кеме алады. Сонымен жыл аяғына дейін оның кемелерінің саны көбейіп кетеді.

Байыған сайын оның араны ашыла түсті де, бұрынғының үстіне байып берсем екен деді.

«Апыр-ау, деп ойлады ол,— осы теңіз бетіндегі барлық кемелерді сатып алсам қайтеді? Менің тауығымның күн сайын тапқан алтын жұмыртқасының ақшасы оған жетеді ғой. Жоқ мен оны сояйын да, ішіндегі барлық жұмыртқаны бір-ақ алып соның ақшасына бірін қалдырмай су бетінде жүзген барлық кемеңі сатып алайын».

Айтты — болды. Обыр қожайын алтын жұмыртқа табатын тауықтың басын кесіп алып, жайратты да салды. Ішін жарып жіберсе, онда ішек-қарын, өкпе-бауырдан басқа түк жоқ. Міне, обырдың соғылған жері.

Біраз уақыт өткеннен кейін оның сол көп кемелерінің бәрі суға қарық болады да, обыр кедей теңіз жағасында осы күнге шейін баяғы қайыршы күйінде өмір сүреді.



# ЖАҚСЫ КЕШ

А. Барто

Поэма

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Ай астында жел гуілдеп,  
Боратады омбы қарды...  
Сельсоветке кезекші кеп,  
Электрды жағып та алды.  
Телефонда ол отырады,  
Таң атқанша күтіп хабар.  
Мүмкін аудан басшылары,  
Телефонмен іздеп қалар.  
Сағат бесте күн де батты,  
Көкте жұлдыз жымын қақты.  
Кино жаққа шыққан жастар,  
Көше бойын дуылдатты.  
Арындаған асқақ әндер,  
Әйнектерді дірілдетті...  
Бұрқасынды үйірді жел,—  
Ақша бұлтқа ай сүңгіп кетті.  
Сілкіледі шырша ағашын,  
Сумандап жел жол бойында.  
Аршып шырша қардан басын,  
Тұрды тыныш, түн қойынында.  
Болса да ұзақ кеш қыстағы,  
Терезеде сөнбепті оттар.  
Ұйықтамайды колхоздағы  
Оқушы, жас азаматтар.  
Ұзындықтың өлшемдерін,  
Пионерлер ұға алады.  
Мысал есеп, бөлшектерін  
Пионерлер шығарады.  
Шурка да отыр ойға батып,  
Бір есепке басы қатып,  
Бөледі де, көбейтеді  
Қай колхоздың бай екенін  
Ала алмайды ажыратып.  
Атасы оны мазалайды,  
— Дәптеріңді жап та, тынық!  
Түн күзету жарамайды,  
Оқысаңшы ерте тұрып.  
Бұрқақ боран басталыпты,  
Әйнек қардан көрінбейді.  
«Мына санды босқа алыпты,  
Ешқашан да бөлінбейді!»  
Орындықтан Шурка тұрды.  
Курткасын да еппен киді.  
Мысығы оны аттандырды,  
Кетті Шурка тастап үйді.

— Ұйықта! — деді шал бәйек  
боп,—  
Қарап еді — немере жоқ!  
Қайда бармақ мына бала,  
Қараңғыда көше бойлап?  
Келеді ол, жалғыз ғана  
Көбейту мен бөлуді ойлап.  
Қорпылдайды, жүргізбейді,  
Аяғында үлкен бурка.  
— Мына бір сан бөлінбейді! —  
Деп күрсінді біздің Шурка.  
Екі барақ сары балақ  
Ұнатпайды оны сырттан:  
— Қараңғыда қайда бармақ,  
Көше кезіп, бөлек жұрттан?  
Үрмейміз де әуре болып,  
Кете бер сен ойға батып.  
Тұрамыз біз сырттан шолып,  
Құйрықты тек бұлаңдатып.  
— Жауабы да мұның теріс! —  
Күрсінді ойлап әлде нені.  
Ферма жақтан естілді еміс,  
Бір сыйырдың мөңрегені.  
— Мөңрей ме екен қарны тоқта?  
Бостан-босқа мазаны алып! —  
Шурка уыстап қарды соқта,  
Дәл тигізді атып қалып.  
Алай-түлей боран арсыз,  
Кетті ышқынып жел кенеттен.  
Көрінеді жарық әлсіз,  
Терезеден, сельсоветтен.  
Болсадағы көше таныс,  
Адасасың басып шалыс.  
Мектебінде тартсаң кейін  
Өз отряд, класыңды,  
Ақылшы іздеп түнге шейін,  
Айтарсың сен расыңды.  
Не шығанға барсаң керек,  
Қолдап сені, берсе көмек  
Кезекші отыр тым самарқау,  
Сөйлеспеді бүгін ешкім.  
Кейде соғып мың қоңырау,  
Естілмейді кейде еш үн.  
Қапаланды Толя бұған.  
Ұмытылып қалды не үшін!

Ұйықтап кетсең не болғаның...  
Білсе қайтты бірі халын,  
Комсомолец Чистяковтың  
Бұл өмірде жоғын, барын,  
Кезекшісі сельсоветтің,  
Ұзақ түнде отырғанын.  
Трубканы бір мезетте,  
Қолына алды күтіп хабар.  
Ойда жоқта сельсоветке  
Келді Шурка, үсті қар-қар.  
— Жатыр едік бастап жаңа,  
Бөлшектерді жіберші айтып! —  
Күлді ағасы — омбы қарға  
Батып кетпей келдің қайтып?  
— Отыр бері шамға тақап! —  
Деп шақырды ағасы оны.  
Қоңырауын соқты аппарат,  
Оянғандай осы жолы.  
Алғашқы үні шығып селқос,  
Содан кейін алмай тағат,  
Тынбай соқты — жыйдырмады ес,  
Шылдырлады жарты сағат.  
— Бұл аппарат бұзылған ба?  
Кеше ғана еді ғой сау.—  
Толя ашқышты алды қолға.  
— Шнурында бар ма ақау?..  
Трубкада діріл қатты.  
Басып қойды рычагты.  
— Монтерді ертіп келемін,— деп,  
Киіп тонын есік жапты.  
Жылы орында отыруға  
Шурка тіпті жалыққан жоқ.  
Жетіп жатыр оқуына,  
Журналдар мен кітапша көп.  
Шықты шолып кабинетті:  
Терезеде мақпал перде!  
Жарығы да жайнап кетті,  
Шұғылалы неткен бөлме!  
Күндізгідей түр көрініп:  
Бидайдың да не түрлері,  
Қабырғаға қойған іліп  
Агроном кестелері.  
Мұндай нұрлы бөлмеде мен,  
Қалғымай түн отырар ем.  
Телефон дың ете қалды

## „Алғашқы сапар“



бі сөз болады. Коллектив өз ішіндегі жарамсыз істерді талқылап, жақсы достарын жамаан болу қауыпна сақтап, олардың зәредей де болса кемістігін бетіне айтып, дер кезінде көрсетіп отырады. Жарқын мен Махметтің ісін талқылаған комсомол жыйналысының үстіндегі Саша Бондарчуктің, тағы басқалардың сөзі осыны аңғартады.

Мұнымен бірге повесте осындай ұйымшыл достар коллективінің басшысы, олардың оқытушысы, ұстазы Иван Павлович сыяқты тамаша мастер педагог бар.

Иван Павлович өз ісін қалтқысыз білетін адам. Ол өзі тәрбиелеп отырған шәкірттерінің жан сезімін, ішкі дүниесін жақсы біледі. Жас достар депода бір паровозды жөндеп шығарып, іске қосады.

Бұл балалардың училищеді алған білімдерінің практикада алғаш іс арқылы көріне бастауы.

Олардың алдында бұдан да күшті, бұдан да артық қуанышты күн бар. Балалар ол күнді асыға күтеді. Олар енді өз беттерінше паровоз жүргізетін машинист болады.

Бұған балалардың тек өздері ғана қуанбайды, оның ата-аналары, апа-қарындастары да, Иван Павлович сыяқты қымбатты ұстаздары да қуанады.

Міне, Жарқын «Комсомолец» деген жазулы паровозбен ұлы құрылысқа алып кетіп барады. Оның осы кездегі қуаныштан дүрсілдеп соққан жүрегі өзі жүргізіп бара жатқан паровоздың дүрсілі тәріздес.

Әне кішкентай қарындасы Роза «жылдамдат» дегендей қолын көтеріп тұр. Қарт ұстаз Иван Павлович та асқан бір мейірбандықпен жымия қарап, көз алмайды.

Жазушы Нығмет Ғабдуллиннің кітабында балалардың іс әрекеті, олардың достық қарым-қатынасы, коллективтегі ұйымшылдығы тамаша суреттелген.

Сәмен Жаңабергенов

Құлақты жеп, мазаны алды.  
Ұзақ шылдыр баяғы сол,  
Щура оған айғай салды:  
— Жайырақ! — деді, көтеріп ол.  
Телефон шын сөйлеп кетті,  
Трубкадан бір үн жетті.  
— Сөйлесеңші, тез сельсовет!  
Секретарь телефонда! —  
Щурка енді не істемек?  
Ағасы жоқ жақын маңда...  
Не айтпақшы, мен кім демек?..  
Жауап берді телефонға:  
— Сөйлесемін! — деді ол сонда.  
Көңлі тасып тұр Щураның,  
Айтпақ жайын бар баланың,  
Тап болды бір оңды жағдай.  
Ол сүйеді өз отрядын,  
Отряд жоқ ешқайда ондай!  
Секретарьды көрген бірде,  
Дәл жетінші ноябрьде.  
Сонан кейін мектебінде...  
Жазда келіп кеткенінде.  
Аты Петр Степаныч,  
Секретарь қатал адам.  
Дейді: — қара календарға,  
Келді көктем, январь да,  
Қарсы аларлық барма шамаң?  
— Халдар қалай, жолдас  
бастық? —

Деп бастады ол әңгімесін.  
— Сәрсенбіде диктант жаздық,  
Жуырда өтті есептен сын.



Беске оқыйды жұрттың көбі,—  
Сөйлеп солай кетті Щура.—  
Тауық «Жанды мүйістегі»  
Болды ойнайтын физкультура.  
Аязды күн тауықтарға,  
Кез келгеннің бәрі қорек.  
Қартоп, сәбіз, ілсең жарға,  
Шоқу үшін қарғу керек!  
Тонбау үшін біздің тауық  
Физкультура алды тауып.

(Соңы бар)

Біздің алдымызда жазушы Нығмет Ғабдуллиннің «Алғашқы сапар» деген повестісі жатыр. Жазушы өз кітабының өзекті арқауы етіп, темір жол училищесінде оқып жүрген жас достарының өмірін алған.

Повестіде кеңірек сөз болатын адамдар темір жол училищесінің оқушылары Махмет пен Жарқын. Оқуға келген күннен бастап бұл екі бала тым дос болып кетеді. Екеуі де оқу озаттары. Ойламаған жерден олардың арасына араздық кіріп, кітапта шиеленіскен уақытқа туады. Жарқынның мінезі тым салмақты. Ол өз ісіне тыңғылықты орынсыз мақтаншақтықтан аулақ бала. Бұған қарағанда Махметтің мінезі тіпті басқаша. Ол өте ыстық қанды, өзімшілдеу, «менікі дұрыс, менен басқа ешкім білмейді» деп, өркөкіректеніп жүреді. Жарқынның сынын мені мұқату үшін жасалған қастық деп түсінеді. Ал, Жарқын болса онымен араздасқан екенмін деп ойламайды. Қайта оған кездескен қыйындық болса жәрдемдесіп, жаны ашып жүреді.

Махмет паровоз жөндеу үстінде үлкендерден артық істеймін деп жүріп, ауыр жараланып қалып ауруханаға түседі. Жарқын келіп, үзбей денсаулығының жайын біліп тұрады.

Повестіде темір жол училищесінде оқыйтын балалардың достық қарым-қатынасы, жастар коллективі-

# МЕКТЕП СПОРТШЫЛАРЫ

Очерк

Көгілдір тұман басқан қаладан шығып 30-40 минут жүргеннен кейін, ақша қар басқан таулар арасындағы «Екінші бесжылдық» колхозына келіп жетесіз. Бұл қар көрпесін жамылған кең далаға спортшының көзі тояр емес.

Бүгін жексембі. Сонда да 76-орта мектептің айналасы шоғырланған мектеп оқушылары. Бәрі шаңғы үстінде. Балалардың жолдастарын асықтырған дауыстары естіледі. Бұл — жас шаңғышылардың «Пионерская правда» газетінің жүлдесін алу жарысына әзірленіп жатқан кезі.

Балалардың өткен жылғы жарыс әлі есінде. Онда қорытынды жарыстың өзіне 70 тен астам пионерлер қатысқан. Қыйын, ұтылай жарыста ол жолы Коля Капитоненко, Хумит Хадуев, Зина Веницкая, Толя Кривых жеңіп шыққан. Ал, быйыл жарыс одан да қыйындай түседі.

Қар түсісімен төменгі кластың оқушылары шаңғы жаттығуын бастады. Олар екі рет жо-рық өткізіп те үлгірді.

Міне, әзірлік аяқталды. Төменгі класс оқушы-ларын 9-кластың оқушысы Толя Иващенко бас-тамақ.

— Қайда шығамыз? — деп сұрайды бала-лардан ол.

— Сыртқа, тауға көтерілеміз, — деген дау-ыстар естіледі.

Шаңғымен тез және жақсы жүре білу үшін жалаң төзімділік жеткіліксіз, оның үстіне тау-дан құлдыйлай да, биікке көтеріле де білу ке-рек. Түрлі кедергілерден өтіп, онды-солға бұры-луды үйрену қажет. Бұл үшін алысқа барудың керегі аз — тау үй іргесінде.

...Жотаға көтерілгеннен кейін Толя Иващен-ко шаңғымен зулай ағып балаларға жол салды. Енді төменгі кластың оқушылары сол жолмен төмен ағуға тиіс. Бірінші болып Абей Вильямов жөнелді. Ол тәжірибелі шаңғышы — жақсы бұ-рыла және ылдыйға сырғанай біледі. Міне, оның артынан Саша Веницкий, содан кейін Саша Дроздов тағы басқалары кетіп жатыр. Жота тым биік болмағанымен, етегі ұзақ-ақ. Биіктен пәрмендете жөнелген Саша Малахов бұрыла беріп жалп ете қалды. Көбік қарға бір-неше аунап орнынан тұрған Малахов көңілдене кеп достарына қосылғанда:

— Неге құлағаныңды білдің бе? — деп сұра-ды Толя онан.

— Шұғыл бұрып қалып денемді билей алмай қалғандықтан, — деп жауап берді Саша.

— Жоқ, онан емес, — деді Толя. — Қатты зу-ылдап келе жатқанда бұрылған адам құламай

қалмайды. Сондықтан баяулап барып бұрылу керек. Бұл — бәріміздің есімізде болуға тиіс. Жарыс кезінде құлап жатсақ кешігеміз, ал, ке-шігу — ұтылу деген сөз.

Бұдан кейін биікке көтерілу басталды. Әркім өзі білетін әдісімен көтеріліп жатыр. Біреулер-дің «ёлочка» әдісімен, екінші біреулердің «ле-сенка» әдісімен көтерілгенін көресін. Балалар биікке көтерілудің, жоғарыдан төмен түсудің, бұрылудың түрлі әдістеріне жаттығып, мұнда әрі қызыққа батты, әрі жақсы демалды.

Қыста селолық мектеп физкультурашылары-ның шаңғы спорты — сүйікті ермегі. Оқушылар оған бос уақытының көбін береді. Сондықтан мұндағы шаңғы секциясында 150 ге жуық оқу-шылар бар екеніне және шаңғы жарысына мек-тептің оқушылары көп қатынасатына таңыр-қауға болмайды.

«Мектеп тарихы» деп аталатын суретті аль-бомнан физкультура сабағын, шаңғы жарыста-рын көрсететін көп суреттер көзге түседі. Мұнда мектеп басшылығының өзі жас физкультурашы-ларды қолдап отырады. Физкультура пәнінің оқытушысы Николай Иванович Рыбалко 1944 жылдан бері осы мектепте сабақ беріп келеді.



Оқушы Нина Петрованың алғаш шаңғы тепке-нін достары құттықтап тұр.

Суретті түсірген *И. Кенарский*.



Жас буынды төзімді, дені сау, қыйыншылықтан тайсалмайтын етіп тәрбиелеу ардақты міндет. Соны ұққан Николай Иванович әр оқушының бір спорт секциясына қатысуын қатты қадағалайды.

...Сабақ бастауға қоңырау соғылды. Мектеп айналасында ойнаған балалар кластарына жөнелді. Тек 4-«б» класының оқушылары ғана үйге кірмей қалды. Оларға қазір физкультура сабағы болмақ. Бұл оқушыларға Николай Иванович жақын келіп:

— Сапқа тұрындар! — деген команда берді.

Міне, балалар мен қыздар араласып сапқа да тұра қалды. Николай Иванович оларға бүгін биіктен жүгіре секіру сабағы өткізілетінін жариялады. Сәл алымдай жүріп бой жазғаннан кейін секіру де басталды. Әркім әртүрлі секіріп жатыр. Осы кезде жақсы секіргенге сүйсініп, мүлт кеткенге қынжылып, оңашада бір бала тұрды. Ол — Шарабитин Тилов. Бұл да осы кластың оқушысы. Оның да қатысқысы келеді. Бірақ, қатыса алмайтын себеп бар. Оның жіліншік сүйегі ауру — доктор әзірше секіруге рұқсат етпейді. Сол себепті ол бір шетте мұңайып қана секірушілерді карап тұр.

...Осылайша екі жыл өтті. Николай Иванович аяғының ауруы бар Тиловтың қасіретін ұмытқан жоқ. Әр уақыт оны сауықтырудың қамын ойлады. Бір күні ол жақсы физкультурашы Дергищак пен Медеоны өзіне шақырып алып:

— Ана Тиловті көріп тұрсындар ма? — деді ол. — Ол екі жылдан бері физкультура сабағы болғанда шетте тұрады да қояды. Еш уақытта ешқандай спорт ойындарына қатыса алмайды.

— Оның аяғы аурады ғой, — деді Дергищак.

— Ол қатыса алмайды ғой, — деді қосарласа Геннадий Медео.

— Ал, сендер бірден бәрін біле қойып па едіңдер? Міне, оның да физкультураны сол алғашқы түрлермен бастауы, ал, сендердің оған көмектесулерің керек.

Николай Иванович дұрыс айтады екен, біздің бәріміз әр уақытта Шарабитинмен бірге жүреміз, оған көмектесуімізге болады ғой деп ойлады балалар. Сөйтті де олар жолдасы Шарабитинге мектепке сабақтан ертерек келіп жүруді ұсынды.

— О неге? — деп таңқырқады Шарабитин.

— Бізбен бірге спортпен шұғылдана бастайсың, — деді балалар. — Сен қорықпа, ол қыйын емес, біз саған көмектесеміз. Сен сауығып спортшы боп кетесің.

Шарабитин спорттың ең қарапайым оңай түрінен бастап бірте-бірте үйрене берді. Ол онан кейін жүруді, граната лақтыруды тіпті жүгіруді де игерді. Міне, шаңғымен жорыққа шықты.

Табанды шұғылдану бұл баланың спортшы болуына осылайша көмектесті. Оның жіліншік сүйегінің ауруы да жазылды. Бұдан кейін класста физкультураға денсаулығын жарамсыз деушілер де қалмады. Ал, Тилов болса сабақты да жақсы оқыйтын болды.

Бұл мектепте Тилов сыяқты спортшылар қатарына қосылушылар біреу ғана емес. Физкультура сабағы балалардың сергек, оралымды, тәртіпті болуына, сабақты жақсы оқуына жәрдемдеседі. Мектептегілер бір кезде денсаулығы дымқас болып сабақты шамалы оқыған ал, қазір үздік шаңғышы, сабақты жақсы оқыйтын Абей Вильямовты да біледі. Ол қазір 56-60 минутта 10 километр жерді шаңғымен жүріп өте береді. Сол сыяқты боксшы Виниамин Круглов, жеңіл атлеттер Николай Клищенко, Юрий Карпунин және басқалары физкультурамен ұдайы шұғылдану арқасында табысқа жеткендер.

Бұл мектепте көптеген секциялар — шаңғы, бокс, гимнастика, жеңіл атлет, волейбол, футбол, шахмат секциялары бар. Тіпті атқыштар секциясы да бар, оны оқушылар тым жаратады. Мектеп атқыштары аудан бойынша талай рет бірінші орынға ие болды.

Бұл мектептегі оқушылардың көбіне сүйетіні шаңғы спорты мен жеңіл атлетика. Жеңіл атлеттер секциясы жаз шығысымен жұмысын бастап, мектеп маңындағы бау-бақшаларда шұғылданады. Жаз бойы үзбей дағдыланудың көп түрлерінен өтеді.

Жазғы демалыс кезінде мектеп ішіндегі спорт жұмысы саябырламайды. Оны мектеп альбомындағы мына бір сөздер дәлелдейді. «Бүгін біз колхоздың егінін, жеміс бағын, электр станциясын, таудан сылдыр қағып аққан мөлдір сулы арығын көрдік» — деп жазды жорыққа қатысушы 7-класс оқушысы Володя Поляков. Сол сыяқты Рая Барабаш пен Клава Гвоздева өздерінің Алма-Арасан курортында, Алматы көлінде және 3288 метр биіктіктегі Алматы шынында болғандағы көргендерін жазып қалдырған. Өткен жазда 9 күн бойы болған жорықта балалар көп жаңалықтарды көріп, өлкесін осылай зерттеген.

Мектептің айналасына көз жіберсек, бұл қыс күндерінде оның айналасы айғыз-айғыз жол болып жатқанын көреміз. Бұл мұндағы шаңғышылардың шарлаған жолдары. Ол қысқы спорттың өркендеуінің белгісі. Осылайша жаттыққан 77-мектептің физкультурашылары жақсы оқый береді.

*Л. Вильдт.*

Алматы селолық ауданы.



## ҚАРАҒАНДЫ

(Салынғанына 20 жыл)

Қарағанды қаласының тарихы онша күрделі емес. Бұрынғы көшпелі қазақ аулының қонысы тас көмір кенінің табылуы нәтижесінде аз жылдың ішінде үлкен қалалардың біріне айналды.

1856 жылы қазақ байларының бірі Қарағандыны орыс купецтеріне 250 сом ақшаға сатады. Содан былай бұл жерді айналасы он шақырымнан өлшеп барлық байлықтарымен, өнімдерімен орыс купецтері меншіктенген. Бірақ, орыс купецтері де, бұл жерге кейінірек не болған ағылшын капиталистері де Қарағанды көмірін жарытып ала алмайды. Революцияға дейін ашылған Қарағандыдағы шахталар сондай тұрпайы, қараңғы сыз шұңқырларға ұқсайтын. Революцияға дейінгі алпыс жылдың ішінде орыс купецтері мен ағылшын капиталистері Қарағандыдан не бары 1200 тонна ғана көмір қазып алған. Олардың жылына алатын өнімі 33 тоннадан аспайтын.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейін ғана Қарағандыда көмір өндіру кең жүргізіле бастады. Совет өкіметі ағылшын шахталарын жауып, Қарағандыны зерттеу жұмысын жүргізді. 1931 жылы ССРО-дағы үшінші көмір базасы — Қарағандыны ашу жөнінде үкімет қаулысы шықты. Бұрынғы көріксіз шағын поселок осы кезден бастап өсе бастады, өндіріс жұмысшылары көбейді. 1934 жылы Қарағанды тұңғыш рет қала деп аталды.

Содан бергі жыйырма жылдың ішінде Қарағанды жан-жақты өсіп, Отанымыздағы сәулетті қалалардың қатарына қосылды. Қалада жүзден артық әртүрлі өндірістік кәсіпорындары ашылды. Онда неше түрлі маман жұмысшылар істейді. Қарағанды тек көмір өндірісінің орталығы емес, онда кен жабдықтау материалдары, шыны, аяқкіім, үн, ет тағамдар жасайтын орындар бар.

Қарағанды — Отанымыздағы ең күрделі кен ошақтарының бірі. Ол Оралдың фабрика-заводтарына, Сибирьдің өндірістеріне, бүкіл Қазақстанға көмір беріп тұрады. Бұрынғы көмір алынатын саз шұңқырлардың орнына зәулім үлкен шахталар салынған. Олар түгел техника күшімен жабдықталған. Көмір өндіруі жағынан Қарағанды соғыстан бұрынғы бесжылдықтардың өзінде Одақ бойынша үшінші орынға ие болды. Соғыс кезінде Қарағандыда көмір бұрынығыдан екі есе артық өндірілді. Донбасс уақытша жау қолында қалған кезде Қарағанды Кузбасспен бірге көмірмен бүкіл елімізді жабдықтап тұрды.

Бұдан 20 жыл бұрын ғана өндіріс дегеннің не екенін білмейтін көшпелі қазақтар қазір кен істерінің мамандарына айналды.

Қаланың сырт бейнесі де жаңа. Қарағандыны өркендетудің ұлы жоспары бойынша қала көрікті-көрікті шағын поселоктардан құралады. Жаңа қала көркейіп өсіп келеді. Архитектуралық жабдықтаулары әртүрлі көп этажды үйлер алыстан көз тартады. Қаланың көшелері түп-түзу, асфальттанған. Онда бірнеше кинотеатр, жазғы театр, шахтерлардың мәдениет сарайы, қалалық бақ, балалар паркі бар.

1949 жылы Қарағанды қаласында өткізілген Қазақ ССР Ғылым Академиясының көшпелі сессиясы орталық Қазақстанның өндіруші күштерін зерттеудің жаңа міндеттерін, Қарағанды көмір бассейнін бұдан былай да өркендете беру шараларын, құрылыс істерін шапшаңдату жолдарын қарады.

Партия мен өкіметтің қамқорлығы арқасында Қарағанды қаласының тез өркендеп өсіп, еліміздегі үлкен өндіріс орталығына айналатыны сөзсіз.

### Оқушыларымыздың есіне

«Пионер» журналының осы жылғы бірінші номерінде басылған «Нұрлы жол» деген әңгіменің авторы — Кемел Тоқаев.


Редакция.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалив Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Технический редактор И. Соскинд.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 23/1—54 г. УГ03159. Бум. 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub> — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 20 000. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры Каз.ССР. Заказ № 17




Бетің қыйсық болса, айнаға өкпелеме

# АСАН ТАПҚАН „ЖАҢАЛЫҚ“



— Түнде сабақ оқыдым,  
Өте жақсы білуге  
Кеш жатқан соң кешіктім,  
Рұхсат па кіруге?! —



Біздің Асан кітапты  
Аз оқып, аз біледі.  
„Тасқынды“ Асқар  
жазды деп,  
Мәз болады, күледі.



— Жүрген адам көшемен  
Өнерімді көреді. —  
Дейді де Асан әр үйге,  
Сурет сала береді.



Суреттерін салған *В. Нестеров*  
Сөзін жазған *Т. Жабаев*

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

